

ПИОНЕР



МАЙ

1953 ЖЫЛ

№ 5

Piano

mf sf

БІЗ Ұ — ЛАН О — ТАН — НЫҢ
АЛ — ҚАП — ТА ЖАЙ — НА — ТЫП ПИ — О — НЕ —
КӨК ОР — МАН —

БІЗ ДІ
О — ҚЫ ҚЕ — НІҢ БІЗ — ГЕ) ДІН ҚЫЯ БЕ — ЛІ —
ШЫР — ҚАЙ — МЫЗ ДОС — ТЫҚ ӘН ДІ —

СҮ ЙІК — ТІ О — ТАН — ДА ЕҢ — БЕК — КЕ О — ҚУ — ГА ДА — ЙЫН ӘР

ҚА — ШАН — ДА ПИ — О — НЕР!

Coda

Музыкасын жазған **С. Кәрімбаев**

Сөзін жазған **Н. Әлімқұлов**

Жас мичуриншілер жыры

Біз ұлан, Отанның пионері,
Өлкенің бізге аян қыя белі.
Алқанта жайнатып көк арманды,
Оқыймыз, шырқаймыз достық әнді.

Сүйікті Отанда
Еңбекке, оқуға,
Дайын әрқашанда пионер!

Вожатый, мұғалім бастан бізді,
Баптаймыз көрікті бақшамызды:
Өлкеде самсаған бақша толып,
Өседі олар да біздей болып.

Анамыз — сәулетті мектебіміз,
Өседі гүл жайнап еккеніміз.
«Оқу, оқу және оқу» — ұрнымыз
Лениннің өнерпаз ұланымыз.



ПИОНЕР

№ 5

МАЙ

1953 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл



«Біздің Отан таңы»

Суретті салған Ф. Шурпин

Өміріңнің көктемі

Д.м. Снегин

Жас оқушым! Сені мен біз қандай тамаша заманда, қандай тамаша елде өмір сүріп отырмыз. Осыны ойлағанда қаһарман дәуіріміз бен Социалистік Отанымыз жүрегімізді асқан патриоттық сезімге бөлейді. Сол бір минуттарда саған да таныс бір тамаша сурет есіме түседі, жас досым. Мүмкін сен, Москвада көркем сурет көрмелерінің бірінде сол суреттің нағыз түп нұсқасын көріп, сүйсінген де боларсың. Бұл суретті талантты суретші Ф. Шурпин салып, оны «Біздің Отан таңы» деп атаған еді. Суретте ұлы көсеміміз, совет балаларының ең ардақты, ең жақын, қамқоршы досы Иосиф Виссарионович Сталин бейнеленген: көсемнің жүзіне шұғылалы күннің нұры түсіп тұр, ал,

арғы жағында жас ағаштар көмкерген кең байтақ колхоз даласы созылып жатыр, электр тогінің сымдары ең даланы алып кеткен, түтіні будақтаған завод трубалары көрінеді, көктем нұры — коммунизм нұры бәріне де сәулет беріп, жарқыратып тұр.

Осы суретке қарағанда, өміріміздің, Отанымыздың даңқы мен байлығын, көріктілігін сезіне түсеміз, жалынды алып жүрегі соғуын тоқтатса да, біздің және барлық ұрпақтардың жолын жарық етіп жеңіске бастап, мәңгі жасайтын Иосиф Виссарионович Сталиннің жарқын даналығына борыштар екенімізді тереңірек ұғына түсеміз.

Бүкіл жер шарының болашақ ұрпақтары

біздің заманымызға оймен оралып, адамзат баласының көктемі өз жалауын бірінші рет біздің елде, коммунизм көктемінің салтанаты мен жеңістердің мерекесі — май күнін сені мен біз қуанышпен қарсы алып отырған ғажайып елде, жеңіспен желбіреткенін асқан алғыспен жыр етер.

Міне, сол — біздің көктем. Мұзы бұзылып, сылдырай аққан өзенмен бірге толқыды ол, жас егінмен бірге көктеді, бақшадағы гүлдермен жапырақ жайды, көктем күні мектебіңнің сәулетті класына, пионерлер сарайына мол нұрын құйды.

Сендердің планерлерің мен самолеттеріңнің еркін қалықтауына Отанымның көкшіл аспаны қандай кең десеңші! Жас оқушым, сенің оқып, білім алуыңа, тынығуыңа Отанымыз, туысқан коммунистік партия, сүйікті әкеміз Сталин обан да кең жол ашты. Әдемі мектептер мен жоғарғы оқу орындары, сырғанақ алаңдары мен стадиондар, театрлар мен курорттар, балалар теміржолдары мен пионерлер лагерьлері — бәрі саған берілді. Сенің балалық шағың — тамаша, болашағың — жарқын.

Бірнеше жылдан кейін сен де ержетіп білім алып, коммунизмнің қажырлы құрылысшыларының қатарына қосыласың. Жаңа өмірдің белсенді құрылысшысы болудан, өз бойыңа тамаша қасиеттер еккен халқыңа қызмет етуден артық дүниеде ештеңе жоқ. Сенің ізгі еңбегіңнің әр бөлшегі бүкіл халықтың бақыты үшін жұмсалатынын терең ұға біл.

Совет адамдарының бақыты — өнерлі бейбіт еңбекте... Бір оқыйға есіме түседі. Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін, көп кешікпей, мен бір қазақ колхозында болдым. Мұнда ымырт жабыла келіп едім. Әдетте мұндай мезгілде ауыл көшелерінде адам бола қоймайды. Сол себепті де көшелерде қаптап кеткен адамдар мені таң қалдырды. Бұл кәдімгі жұмыс күндерінің бірі болатын, ал мұнда мерекедегідей ду-ду. Бірінші жолыққан адамнан:

— Сіздерде не болып жатыр? — деп сұрадым.

— Бүгін бізде үлкен мейрам, — деді маған мосқал колхозшы.

— Мұндай жай күні не қылған мейрам? — деп таңдандым мен.

— Зор мереке деп тұрмын ғой сізге, — деді колхозшы көңілді пішінмен. — Біз колхозаралық су электр станциясының құрылысын аяқтап отырмыз, ол қазір жарық береді.

Колхозшы сөзін түгел айтып үлгіргенше болған жоқ, ауыл көшелерінде электр оттары жарқырап қоя берді. Колхозшылар үйлерінің, басқарманың, клубтың терезелерінен Ильич нұры көрінді. Ауыл үстінде қуанышты үндер қанат

қақты, мектеп оқушылары мен пионерлер ән шырқады. Менің қасымда тұрған кемпір жылап жіберді.

— Әже, неге жылайсың, сізге не болды? — деп пионерлер оны қоршап алды.

— Қуанғаннан, қуанғаннан жылап тұрмын, немерелерім, — деді қарт ана, — қапас түнекте көп жыл өмір сүрдім. Тек қана сүйікті совет үкіметі сол түнекті сейілтті, енді мінеки ұлы Сталин коммунизм нұрымен кәрі көзімді жарқыратып жіберді. Алдарыңда қандай бақыт күтіп тұр сендерді, немерелерім. Бұл бақыттың сендерге есігін ашқан — Ленин мен Сталин. Екі балам фашист жаулармен сол бақыт үшін шайқасты. Олар қаза тапты, бірақ бақытты қорғай білді. Бақытты қорғай біл, немерелерім, қорғай біл және оған еңбегіңмен үлес қос.


Бұл — 1946 жылы көктемде болған оқыйға еді.

Жас оқушым, міне біз 1953 жылдың көктемін қарсы алып отырмыз. Содан бері жеті-ақ жыл өтті. Бірақ, осы мерзімнің ішінде кешегі бірінші кластың оқушысы 7-класта, ал, 7-кластың оқушысы институтта оқып жүр. Ал, сол кезде жоғары оқу орындарында оқып жүргендер ұланбайтақ Отанымыздың барлық жерінде қазір коммунизм құрып жатыр. Бүгін көктем күнін олардың бірі заводтар мен шахталарда, енді бірі колхоз далаларында қарсы алады, үшінші біреулері Куйбышев және Сталинград су электр станцияларын салып жатыр. Бағзы біреулері республикамыздағы Ертіс бойында салынып жатқан тамаша су электр станциясының құрылысын толық аяқтау үшін қарқынды еңбек етуде.

Сибирьдің асау өзендерін бөгеудің ұлы жоспарын жасап жатқандар да бар. Олар Солтүстік мұз мұхитына қарай буырқана ағып жатқан бұл өзендерді бұғалықтап, Қазақстан даласына бұрмақ.

Сонда республикамыздың шөл далаларында жаңа теңіздер мен каналдар пайда болады, тамаша қалалар өседі, құм далада гүл бақша жайқалады, жүзім, мақта, егін құлпырып өсіп тұрады. Табиғатты өзгертудің осы ұлы, тамаша істерін жүзеге сен асырасың, жас оқушым!... Сталиндік осы алып істерді меңгеру үшін аянбай оқы, білімден, өнеріңді тасыт.

Советтік елімізде коммунизм көктемі қанатын жайып келеді. Оның жарқын шұғыласы қазір Халықтық демократия елдерін, ұлы Қытай халық республикасын нұрға бөлеп тұр. Газеттер мен радиодан, сол елдердің пионерлерінің — тамаша жаңа достарыңның өзіңе жазған көптеген хаттарынан, империализмнің бұғауын талқандаған халықтың қазір қандай бақытты өмірге жеткенін сен жақсы білесің, жас досым.



Еңбек сүйгіш барлық адамдардың қас жауы — капитализм үстемдік жүргізіп отырған елдер де бар, мұны да сен жақсы білесің, жас оқушым. Ол елдерде миллиондаған қарапайым адамдар ашығуда, қайыршылық күн кешуде, жер лашықтарда қатып — сенуде, ал, олардың есебінен капиталистер баюда. Соғыс капиталистерді байытады. Сондықтан олар жаңа соғыс өртін тұтандыру үшін жанталасады. Қарттар мен аналардың, панасыз балалардың азап шегіп жатқанында бұл обырлардың ісі де жоқ, оларға пайда түссе болды. Сол мақсатпен де олар Солтүстік Кореяның қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда. Бейбіт адамдарды жаппай қырғынға ұшырату үшін самолеттен жұқпалы ауру тарататын бактерияларды жаудыруда, Вьетнамда қанды соғыс жүргізуде, ал, өз елдерінде бейбітшілік үшін күресуші адал, ержүрек жандарды тюрьмаға қамауда.

Империалистер біздің елімізге және социализм жолына түскен демократиялық елдерге шпиондары мен диверсанттарын өткізіп жіберуге тырысады. Жас оқушым, мұны біз ешқашан да ұмытпауымыз керек, мұны әрқашан да еске ұстап, өзіміздің көптеген нағыз пионерлеріміздей қырағы, қажырлы, жігерлі болуымыз керек. Осындай қырағылық пен ерлікті дүние жүзінің адал жандары бізден үйренеді. Жақында венгер жазушысы Клара Фехер венгер мектебінің оқушысы пионер — сенің нағыз досың

Янош Патидің ерлігі туралы айтты. Янош каникулын шекараға жақын бір селодағы туысқандарының үйінде өткізеді. Бір күні Янош Пати өзінің жолдастарымен бірге мектепке гербарий жыйнау үшін орманға барады. Оқушыларға орман арасында бір күдікті адам кездеседі. Янош талдың арасына білдірмей жасырынады да, бар жанын салып заставаға, шекарашыларға ұмтылады. Оның жолдастары күдікті адамды қолға түсіреді. Сол күдікті адам тито-фашистерінің диверсанта болып шықты. Осы ерлігі үшін шекарашылар ержүрек патриот пионерге А. Фадеевтің «Жас гвардия» романын сыйлыққа берді.

Бейбітшілікті, бақытты және жарқын өмірді сүйетін әрбір жас пен кәрі де осылай етеді. Міне, сондықтан да империалистер өздерінің арам ниетті істерін ешқашан да жүзеге асыра алмайды.

Елімізде коммунизм көктемі қанатын кең жайып келеді. Біздің қуатты Отанымыз — халықтардың сталиндік мызғымас берік достығының Отаны коммунизм көктемінің туын, Лениннің — Сталиннің жеңімпаз туын жоғары ұстауда. Бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресшілердің сансыз отряды осы тудың төңірегіне барған сайын топтала түсуде.

Бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің толық салтанат құруының игілігіне бөленетін сен, жас досым. Алға баса бер!

Танысып қой, жолдас май!

Қош келдін, мейрам — жарқын май,
Гүлдерге толы құшағың.

Қолыңды жомарт халқымдай
Қос қолдап тұрып қысамын.

Таңырқап, тұңғыш келгендей,
Күлімдеп қарай бересің.

Тамаша көп қой көргендей,
Асықпа, бәрін білесің.

Таныс бол, — жолдас Орман бұл
«Тал» деуші ек былтыр, жасында,
Жас батыр қазір,

қорған бұл,

Жаңбыр бар жасыл басында.

Айдынды жолдас, ал мына
Атақты Цимлян теңізі!

Сая да, майда самал да —
Орман мен Теңіз лебізі.

«Жұлдыздар жерге топталды»

Деп, достым, текке санама.

СЭС-тердің жаңа оттары

Самсаған сонау самала.

Жерімде менің күліп күн,
Шұғыласын шашқан нұрлы іс бар.
Жолдасы бейбітшіліктің —
Ту тіккен байтақ құрылыстар.

Баласы да елімнің
Құрылысшы болып өседі.
Коммунизм жолының
Жаңа шпалын төсейді.

Жарық қып түнді күндіздей
Келгендей етіп таң кіріп,
Жолдас май, сенің өзіндей
Жасаймыз көктем мәңгілік.

Сөзі бұл совет халқының
Мұлт кетпейтін дегені.
Өйткені оның әр күнін
Партия бастап келеді.

Танысып қой, жарқын май,
Тамаша жерім, өзгерген!
Тартуды біздің тартудай
Таба алмайсың өзге елден!

Жұбан Молдағалиев.



Қазақстан

Осы жылғы апрельдің 2—4 күндері Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағының VI съезі болып өтті. Съезге республикамыздың

таңдаулы комсомолдары — өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының озат жастары, Социалистік Еңбек Ерлері, жас ғалымдар мен мұғалімдер, комсомол қызметкерлері мен пионер вожатыйлары келді. Олар ҚЛКЖО Орталық Комитетінің өткен V съезден бергі кездегі жұмысын талқылап, алда тұрған міндеттерді белгілеу үшін жыйналды, жастарды коммунистік рухта, Ленин—Сталин партиясына, сүйікті Отанына шексіз берілгендік рухында тәрбиелеудің жолдарын кеңесті.

Съезде ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Доспанова жолдас Қазақстан комсомол ұйымының жұмысы жайлы есепті баяндама жасады.

Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағының V съезінен бері екі жылдай уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде Совет Одағы халықтарының тұрмысында орасан зор саяси маңызы бар оқыйғалар болды. 1952 жылдың октябрінде болған коммунист партиясының XIX съезі совет халқының данқты жеңістерін қорытып, партия мен халық бірлігінің тамашалығын көрсетті.

Сталин жолдастың «ССРО-дағы социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегі мен съезде сөйлеген тарихи сөзі коммунизм құру жолындағы күрестің ұлы программасы болып табылады.

Өткен екі жылдың ішінде республикамыз шаруашылық пен мәдениет құрылысының барлық салаларында жаңа табыстарға жетті. Қазақстанда Отандық озат техникамен жабдыкталған жаңа өнеркәсіп және транспорт орындары салынды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті күн санап көркеюде.

Республиканың комсомолдары халық шаруашылығының аса маңызды салаларында жұмыс істейді. Қарағандының жас көміршілері мен Теміртаудың жас металлургтері қажырлылықпен еңбек етуде. Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындарында екі мыңнан астам жас жұмысшылар өздерінің жылдық жоспарларын 1952 жылғы август — сентябрь айларында-ақ орындады. Өскемен су электростанциясы құрылысындағы әрбір екі комсомол мүшесінің бірі күн сайын бір жарым не екі норма орындайды.

Ембінің жас мұнайшылары мен Семей шұға комбинатының жұмысшылары творчестволық ынтымақтықпен өзара жарысты өрістетуде.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында қазір 200 мыңнан астам жас қолхозшылар, механизаторлар мен мамандар жұмыс істейді. Комсомол ұйымдары шаруашылық мәселелерін шешу ісінде қолхоз, совхоз, МТС және Машина-Мал Шаруашылық станциясы партия ұйымдарының және басшыларының жауынгер көмекшілері болып табылады.

Баяндамашы комсомолдың мектептегі жұмысына талдау жасады. Мектептердің комсомол және пионер ұйымдары едәуір өсіп нығайды, олардың жұмыс сапасы артты. Республикада жаңадан 658 мектеп оқушыларының комсомол ұйымы құрылды. Пионер ұйымы мүшелерінің саны 809 542 ге жетті. Комсомол мүшелері мен пионерлердің басым көпшілігі білімді меңгеру, оқу сапасын арттыру ісінде барлық оқушыларға үлгі болып отырады.

Сонымен бірге съезге комсомолдың мектептегі жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар екені айтылды. Комсомолдың көптеген облыстық және аудандық комитеттері мектептердегі комсомол, пионер ұйымдары жұмысын оқу процесіне байланыссыз жүргізеді.

Съезд жалпы политехникалық оқуға көшу міндетін алға қойды. Балалардың өткен жылғы жазғы демалысының қортындылары мен алдағы жазғы демалысқа әзірленуге байланысты міндеттерге тоқталды.

Есеп беріліп отырған уақыттың ішінде республиканың комсомол ұйымдары жастар арасында идеологиялық жұмысты жақсартуға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асырды.

Баяндамашы комсомол, пионер ұйымдарының жастарды күшті революциялық қырағылық рухында тәрбиелеу жұмысын күшейту керек екенін көрсетті.

Қазақстан комсомол ұйымы жастардың дене тәрбиесін негізінен жақсарту жөнінде зор жұмыс жүргізуге тиіс. Өткен екі жылдың ішінде республикада физкультурашылар саны көбейді, жас спортшылардың шеберліктері артты. Алайда, физкультура мен спорт жастардың тәліміне айналған жоқ.

Съездің қарарларында республикамыздағы комсомол ұйымдары жұмысындағы кемшіліктер батыл сыналғып, оны жоюдың жолдары белгіленді.

КОМСОМОЛЫНЫҢ VI съезі

Съезд республиканың комсомол ұйымдарының алдына жастарға коммунистік тәрбие беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру, Совет Одағы Коммунистік Партиясы XIX съезінің тарихи қаулыларын орындау жолындағы күреске комсомол күштерің жұмылдыра білу міндеттерін қойды. Сондай-ақ, республикамыздың барлық жас жеткіншектерінің негізгі міндеті — Ленин мен Сталиннің ұлы ілімін қажымай-талмай үйрене беру, сүйікті Отанымыздың, коммунистік партияның тарихын, ұлы көсемдеріміздің өмірбаяндарын үйрену екенін көрсетті.

Съезд өнеркәсіп пен транспортта істейтін жастардан еңбек өнімін арттыруды, социалистік жарысты кең өрістетуді, еңбек тәртібін берік сақтап, өндірісте жаңашыл болуды талап етті.

Ауыл-село жастары ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрінен мол өнім алуға, мал басын аман сақтап, оның продуктылығын арттыруға тиіс.

Съезд қарарында комсомолдың мектептегі жұмысын жақсарту, пионер ұйымдарын жандандыру туралы да айтылды. Советтік мектепті бұдан да әрі нығайтып, өркендету, оқу және балаларды тәрбиелеу сапасын жақсарту — республика комсомол ұйымдарының міндеті. Партияның XIX съезінің үстіміздегі бесжылдықтың аяғында республика астаналары мен республикалық маңызы бар қалаларда, облыс және ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алуға көшуді аяқтау, сол сыяқты басқа қалалар мен селолық жерлерде келесі бесжылдықта жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алуды толық жүзеге асыруға жағдай жасау жөніндегі нұсқаулары жүзеге асырылуға тиіс. Комсомол

ұйымдары мен пионер дружиналары өзінің бүкіл жұмысын мектептегі оқу сапасын жақсартуға, тәртіпті нығайтуға бағыттап, мектеп дирекциясы мен мұғалімдерге көмек көрсетуі керек. Жалпы білім беретін мектептердің социалистік тәрбиелік маңызын одап әрі арттыру және орта мектеп бітіретін оқушылардың мамандықты еркін тандап алуына жағдай туғызу мақсатымен, орта мектепте политехникалық оқу жүзеге асырылуға тиіс.

Съезд қарарында: комсомол ұйымдары аға пионер вожатыйлар арасындағы жұмысқа жанды басшылық беріп, олардың педагогтық, саяси және жалпы дәрежесі жағынан білімін толықтыруға көмектесетін болсын. Таяу жылдың ішінде аға пионер вожатыйларының бәрі педагогикалық білім алатын болсын, — деп жазылған.

Съезде Қазақстан Коммунист Партиясы Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдас пен Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы Орталық Комитетінің секретары А. Рапохин жолдас ұзақ сөз сөйлеп, республика комсомол ұйымдары алдында тұрған күрделі міндеттерге тоқталды.

Съезд Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Съезд ҚЛКЖО Орталық Комитетінің жаңа құрамын сайлады.

Съезд Совет Одағы Коммунист Партиясы Орталық Комитетіне хат жолдап, Қазақстанның барлық комсомол жастарының атынан өзіміздің барлық жігерімізді, бойдағы бар қабілетімізді Советтік Социалистік Республикалар Одағының қуаттылығын онан әрі нығайта беруге, бейбітшілік жолындағы күреске арнаймыз деп сенім білдірді.



Жауынгерлік ЖЫЛДАРДА

А. Ыбраева,

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары.



Партиямыздың сенімді көмекшісі төрт орденді Ленин — Сталин комсомолы социализм орнату жолында және коммунизм жеңісі жолында талай-талай даңқты, батырлық жолдардан өтті.

«Комсомол әрқашанда біздің жауынгерлеріміздің, — деп жазды Сталин жолдас, — алдыңғы қатарында болды. Мен оның революциялық тұрмысымыздың уақығаларынан кейін қалып қойған кезін білген емеспін».

Еңбекші халықтарға толық азаттық әперген, адамды адамның қанауын біржола жойған совет өкіметін күртпақшы болып біздің жас республикамызға он төрт капиталистік ел тап бергенде, Ленин — Сталин партиясының бірінші шақыруымен совет жастары өз бақытын қорғауға белсене аттанды.

Қыйыр солтүстіктен Сыр-Дария жағасына дейін, Қыйыр Шығыстан Минскіге дейін созылған туған еліміздің жерінде совет жастары коммунистерден үлгі ала отырып, Ұлы Октябрь жемістерін қорғап, батырлықпен айқас жүргізді.

Бұл жауынгерлік жылдарда сын сағатта комсомол Советтік Социалистік Республиканы қорғау ісіне қызмет етті.

Россия Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитеті Отанымыздың ішкі және сыртқы жауларын талқандауға жастарды үш рет шақырды.

25 мыңнан астам жауынгер жастар даңқты Қызыл Армия қатарында болды.

Советтік Отанның жауларын талқандауға аттанған алдыңғы қатарлы совет жастарының жанқиярлық сенімін Саратов губерниясы комсомолы съезінің үндеуінен анық көруге болады.

«Біз, — деп жазды съезд делегаттары бүкіл губерния жастары атынан, — елімізді соңғы деміміз біткенше қорғайтын боламыз, ескі күнді басымызға қайта келтіргенше, күрес даласында өлген артық».

Бұл қаһарлы жылдары көптеген комсомол комитеттерінің есігінде «Комитет жабық, бәрі де майданға кетті» деген жазу тұратын еді, өйткені бұлар түгелдей майданға аттанған болатын.

Біздің халқымыз революцияның жеңісі жолында, жас совет республикасы жолындағы күресте өздерінің қыршын өмірін қыйған азамат соғысы батырларының есімін ешуақытта ұмытпайды.

Царицынды қорғаған оныншы Армияның командирлерінің бірі Николай Рудневтің есімі өшпес даңққа ие болды. Қаланы қорғаудың қиын-қыстау кезінде ол Сталин жолдастың нұсқауымен ержүректілерден отряд құрастырып, жау қолындағы шепті бұзды. Ұрыста ауыр жараланған ол 1918 жылы 19 октябрь күні қаза тапты.

Николай Рудневтің халық азаттығы жолындағы жауынгерлік ісінен майдандағы және тылдағы жүз мыңдаған жас патриот үлгі-өнеге алды.

Комсомолецтер, алдыңғы қатарлы жастар астыртын ұйымдарда, жау тылында, большевиктік ұйымдардың тапсыруы бойынша, халықты шетел басқыншыларына қарсы күреске шақырған совет газеттерін, листовкалар, үндеулер таратты. Большевиктердің жетегінде болған жастар басқыншылардың зықысын шығарды, олардың тылын талқандады, күндіз-түні дамыл бермеді.

Белоруссияның, Қазақстанның, Орта Азияның, Приморья мен Забайкальяның комсомол ұйымдары да көптеген жауынгерлік ерліктер жасады.

Жетісу бойында партизандар күресін ұымдастырушылардың бірі — үш мың жауынгерлері бар отрядтың комиссары Петр Тузов болды. Оның отряды атаман Анненковтың 20 мыңдық бандаларының шабуылына бірнеше ай бойы тойтарыс берді. 1919 жылдың июнь айында партизандар жаудың бір полкын және әскери мүліктерін түгелімен қолға түсірді.

Шетел интервенттеріне және ақтвардияшы-

ларға қарсы соғыста жас Советтік Социалистік Республика толық жеңіп шықты.

Жастардың сол жылдардағы жауынгерлік еңбегін бағалай келіп, Сергей Миронович Киров комсомолдың он бес жылдығында былай деді:

«Ол кезде біздің майданда болған адамдарымыз комсомолдың қандайлық орасан зор роль, ерекше — мен осылай дер ем — роль атқарғандығын естен шығарған жоқ.

Ашық айту керек, жолдастар, біз, большевиктер жеңіс жолында жанын аямай күресе білетін халықпыз. Соның өзінде, майданда жүргенде, комсомол баулыған батырларды кей уақытта «күндегендей» де болушы едік».

Совет үкіметі комсомолдың азамат соғысы жылдарындағы жауынгерлік еңбегін зор бағалап, 1928 жылы оны Қызыл Ту орденімен наградтады.

Азамат соғысы жылдарында комсомол көрсеткен табандылық, батырлық, ержүректілік — бұл біздің жастарға коммунист партиясы берген тәрбиенің және ұйымдастыру жұмыстарының ізгі жемісі болып табылады.

Сол қышп-қыспақ ауыр жылдарда 1918 жылы октябрьде Ленин мен Сталиннің басшылығымен Россия Коммунист Жастар Одағының ұйымдасуының өзі де осы тәрбиенің бірінші айғағы.

БЛКЖО-ның VIII съезі Қызыл Ту орденін қабылдағанда былай деп жазды:

«Біздің біліміміз, біздің бұлшық етіміз бен өміріміз жұмысшы және шаруа өкіметінікі. Біз азамат соғысының жалынды жылдарында білімімізді, бұлшық етімізді және өмірімізді аяған жоқпыз, жаңа сын сағаты мен жеңіс күндерінде де ешбір аянбайтын боламыз, өз командиріміздің әмірін күтеміз.


Бізге бүгін тапсырылған Қызыл Ту орденіне біз ешқашан да кір келтірмейміз...

Біз совет үкіметіне оның барлық бастамаларына және бүкіл жұмысына нағыз қызу қатынасамыз деп салтанатты уәде береміз. Егін даласы мен заводта, қызыл армиялық казарма мен кооперативтың сөресінде біз өзіміздің кішкентай ісімізді, социализм құрылысы деп аталатын ұлы істің бөлшегі екендігін естен шығармай, жүзеге асыра береміз».

Комсомол содан бері үлкен, данқты жолдардан өтті.

Совет жастары комсомолдың ерлік дәстүрлерін құрмет тұтып қана қоймай, оны өсіре түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында комсомол баулыған батырлардың қатары жаңа есімдермен: Александр Покрышкиннің, Иван Кожедубтың, Алексей Маресьевтің, Зоя Космодемьянскаяның, Александр Матросовтың, Лиза Чайкинаңың, Краснодар жас гвардияшыларының және тағы басқалардың есімдерімен толықты.



Азамат соғысының кезі.

Аудандық комсомол комитетінің есігіне: «Барлығы майданға кетті, аудандық комитет жабық» деп жазылған.

Қазірде, еліміз социализм құрылысын аяқтаған кезде Отанымыздың ұлылығы бұрынғысынан әлде қайда айқынырақ сезіледі.

Совет Одағы Коммунист партиясының XIX съезі Отанымызды дамыта берудің және гүлденде берудің жаңа бесжылдық жоспарын бекітті.

Бірақ совет құрылысының жауларына біздің табыстарымыз түрпідей тиеді, өйткені бүкіл жер жүзі халықтары совет адамдарының ісінен үлгі-өнеге алып отырады.

Ағылшын-американ империалистері жанталайсып жарактанып жаңа соғысқа әзірленуде. Олар коммунизмге қарай қарқынмен аттаған біздің еліміздің өсуін бөгемек болады. Бірақ Уолл-стрит азғындарының ойлағаны болмақ емес, өйткені жананың, прогресшіл істің өсу қарқынын тоқтатуға олардың дәрмені келмейді. Олар осы ұлы мақсатқа жетуге халықтардың ынта-жігері күн сайын артып отырғандығын ұмытып отыр, олар бейбітшілік ісін дүние жүзінің Совет Одағы бастаған халықтары қорғайтынын есінен шығарып отыр.

Барлық елдердің адал ниетті адамдары өз праволары үшін, өмір үшін, жарқын болашақ үшін, бейбітшілік үшін күресті толық жеңіске жеткенше жүргізуге берік бел байлаған. Міне сондықтан да социализм лагері күн асқан сайын нығаюда.

Ал біздің совет жастары бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында келеді.

Алыстағы ауылда



(Жалғасы. Басы 2, 3-номерлерде)

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Косогондары сақылдап, машиналар бірінің артынан бірі жөнелді. Зыр қағып бұлдырап айналған косогонге, қатарынан жапырылып қалып жатқан бітік шөптің әсем жығылысына Болат қызыға қарап тұр.

Жұрттың ең соңында Қожаш пен Болат қалды. Қожаш бағанағы айтқандарын тағы да қайталап айтып, Болатты пысықтап жатыр.

— Аттарды бір қалыпты жүргіз. Ішкі ат боразданы жағалап отыратын болсын. Шалғының алқымына шөп тығылса, дереу тоқтат та, тазалап таста. Егер шалғыға тосқауыл кездессе, табан темірді баса қоясың. Ал, жүргізіп көрші. А ну!

Қожаш Болатпен қатарласып жаяу келе жатыр.

— Теп педальді!

Болат педальді теуіп кеп қалды. Жеңіл келе жатқан аттар солқ етіп, кідіре жаздап барып, қайтадан жүріп кетті. Косогон бұлдырап сақылдай жөнелді. Шалғы безек қағып, шенеп кеткен шөпті қаусатып жатыр.

Болаттың шөп шабуының алғашқы қадамы осылай басталды.

Бұл күні балалар жарытып ештеңе бітірген жоқ. Алды екі реттен, арты бір реттен ғана айналып шықты. Тау ішіне кеш ерте түседі екен. Сонау жазықта жарқырап күн шығып тұрғанда, бұл араны көлеңке қаптап кетті.

Солқылдақ жеңіл арбаға қазан-ошақ, шатыр, азық-түлік тиіп алып, аспасшы Марья Ивановна да келді. Машиналар жығылды: Жұлдыз бастаған балалар сайды жоғары өрлеп келді де, қалың қарағайдың етегіндегі бір бұлақтың басын қоныс етуге ұйғарды. Үш төрт баланы Сережа шатыр тігуге алып калды да, өзгелерін отын әкелуге жіберді.

Ымырт жабыла бәрі де әзір болды: шатыр тігілді, отыншылар кепкен бұтақтарды әкеп үйіп тастады. Жылқышы келіп, аттарды айдап кетті.

Шатырдың алдына лаулатып тұрып от жағылды. Пионер лагерінде костер басында өткізген қызықты кештер ойға түседі. Қазіргі көрініс айна қатесіз дәл соған ұқсайды. Алаулаған қызыл жалын бүкіл аспанды күрөңдендіріп тұрған секілденеді. От сәулесі сонау беттегі қарағайларды да шаршыйды. Маздап жанған кебу ағаштар лезде қып-қызыл шоққа айналып, омырылып түсіп жатыр. Шырт-шырт етіп ұшқан қызыл ұшқындар әуелеп барып сөніп қалады. Жайнаған шоқтардың сырты біртіндеп ақ ұлпа күлге айналады, ол ақ

ұлпа күл желдің болмашы лебі шарпыса, бұрқырай ұшып кетеді. От сәулесі шатырдың ішіне де түсіп, жап-жарық етіп тұр.

Марья Ивановна ет турап, ас қамын істеп жатыр.

Бағанадан бері балалармен бірге болып, олардың алғашқы еңбек қадамдарын бақылап, қонысына орналастырған Жұлдыз енді ауылға қайтпақ болды.

— Түн боп кетті ғой, қонбайсыз ба? — деген балаларға:

— Қонар едім. Бірақ бүгін — партия оқуының күні, — деді ол, — ал, маған айтар қандай сөздерің, қояр тілектерің бар?

— Бізге жаңа газет-журналдар жіберіп тұрыңыз, — деп өтінді Қожаш.

— Күп болады, жіберіп тұрамыз.

Осылайша біреу шахмат, біреу домбыра, біреу кітап сұрап жатты.

Қурмаш Жұлдыздың атын көлденең тартып ұстап тұрды. Аттың көзі от сәулесімен көкшіл шырақша жылтырайды. Қожаш Жұлдызды қолтығынан демеп, мінгізіп жіберді.

Жұлдыз лезде қараңғыға сүңгіп көрінбей кетті.

Енді Әнуар мандолинаны күйкылжыта кеп тартты. Балалар тауды күңіретіп, бәрі қосылып ән шырқады. Әрқайсысы өз дауыстарын асқақтатып, бүкіл тау-тас, орманға айқын танытпақ болғандай зорлана түседі...

Бір толастаған кезде Сережа:

— Мен сендерге партизан өлеңін айтып берейін бе? — деді.

— Айтып жібер! — деп қуана өтінді балалар.

Баяу қоңыр, бірақ бұрқыраған күш пен мойымас жігер кернеген жеңіл әуенмен ол өлеңін ұзақ айтты. Өзгелер ұйып тыңдады. Лақ етіп төгілген кара сия секілді қою бұлт аспан төрін кернеп, түнере түсіп, шүмектеп жаңбыр құйып тұрған украинна түні көздеріне елестеді. Найзағай жарқылдап, қою бұлтты тіліп түскендей болады. Қарсы алдынан сабалаған жаңбырдан үсті-басы сүмедей боп, сақалынан тамшылаған су қойнына құйылып, партизан шал келе жатыр. Оның қабағы қарс түйілуді. Салалы сіңір қолымен бекем ұстап алған қосауыз мылтығы бар. Табиғаттың мына сұрапыл дүлейі осы шалдың сыртқа ақтарылған ашуы тәрізді. Бала-шағасымен, үй-жайынан бұл шалды соғыс айырды. Енді ол залым жаудан кек алғалы өз деревнясына келе жатыр. Әр бұта, әр арық-арна, әр жылға, әрбір шү-

қыр-шұқанақ бұл шалға өз әжіміндей таныс, әр қадам жер оған өз тәніндей аяулы қымбат...

Сережа өлеңнің балаларға әсер етіп, билеп алғандығы сонша, олар әлгі партизан шалды көз алдарында шын көріп тұрғандай болды. Отан жауларына деген өшпенділік сезімі кеуделерінде дауыл үйірген көкжойқын дарияша тулап кетті. Жаудан кек алуға шалмен бірге аттанғылары келді...

Сережа өлеңін соза берді. Балалар оның айтқандарын экраннан көргендей бол, елестетіп үнсіз тұр. Партизан шалдың деревняға ептілікпен кіргенін, ойраны шығып, арса-сарса болған өз үйіне кеп түнеріп тұрып қалғанын, бір кезде найзағай жарқ еткен, көзді ашып жұмғандай уақыттың ішінде тап алдында өліп жатқан сәби немересін көргенін шын өмірде бақылап тұрғандай болды. Өлеңнің бұл жерлері тыңдаушыларға өте ауыр тиіп, еңселерін жанышқандай болып еді. Бірақ артына, партизан шал қаһарына мініп, көзінен оты жалтылдап, неміс штабы тұрған үйге барғанда, күзетшінің үйін шығармай ұрып өлтіріп, танк қыйрататын гранатамен үйде отырған жендеттердің күлін көкке ұшырғанда, балалардың айыздары қанып, демдерін кеуде кере бір-ақ алды. Осыдан соң партизан шал аман-сау құтылып, ормандағы жолдастарына кеп қосылады. Балалар бұл арада күлім қағып, қол шапалақтап жібере жаздады.

— Жарайсың, Сережа!

— Сен өзің керемет баласың!

— Осы өлеңді өзің шығардың ба?

— Әуенің тым әдемі екен,— десіп жатыр балалар.

Болат бір қолына пышағын, бір қолына бір кесек етті ұстаған күйі Марья Ивановнаның Сережаға қарап мелшиіп отырғанын көрді. Бірнеше жас тамшылары от сәулесімен жылтылдап оның омырауына шұбап түсті.

— Марья Ивановна жылап отыр — деп, сыбырлады Болат қасындағыларға.

Ол кісіні жылатқан Серезаның өлеңі екен.

— Соғыс! Соғыс! — деді Марья Ивановна көкірегі қарс айрыла жаздап...

— Әттең,— деп кіжінді Құрмаш та, — Гитлер сұм қолға түссе, тап сол жерде мен тұрсам, мына жұдырықпен мұрнын бұзып жіберер едім.

— Ол хулигандық болады,— деді Қожаш — қандай қыямыстыны болса да, бізде заң ғана жазалайды.

— Гитлер заңнан садақа кетсін,— деді Әнуар.

— Қойыңдаршы дауласпай, оған да Сережа партизандар өмірінен әңгіме айтсын.

— Я, сол дұрыс. Басынан кешкендерін айтсын.

— Кәне, Сережа!

Қабағын қарс түйіп, отқа тесірейе қарап отырған Сережа:

— Я, мен де мына жұдырықпен тұмсығына бірді қондырған болар едім-ау! — деді тістеліп, көзі шатынап. — Бұл хулигандыққа жатпайды! Менің анамды кім атып өлтірді?! Папам қайда? — Оның үнімен қабат тара жұмылған жұдырығы да дірілдеп, көзін жас торлады. — Мен... Мен оны... — Серезаның тістері шықырлап, өзі булығып кетті, — мен оны қолыма түссе...

Бүктетіле жығылып, иегін бір қағып, көзін төңкерсе



қарап барып сылқ етіп жан тапсырған жан анасы көзіне елестеп кетті де... ол сөзінің аяғын айта алмай қыстығып, бетін басып жылап жіберді...

— Сережа, Сережа! — деп, Қожаш пен Болат оны қабатынан құшағына алды. — Мұның қалай? Жылағашы. Жылағашы Серезатай... Серезжа!

Тамақ ішіп болған соң Сережа ертеңгі жұмыстың жайын сөз ете бастады.

— Балалар,— деді ол, қойын дәптеріне қарап отырып. — Мынадай тәртіп орнатайық: сағат алтыда тұрамыз. Жетіге шейін ертеңгі тамақ. Сағат жетіде жұмысқа шығуымыз керек. Сағат он екіде түскі тамаққа келеміз. Содан сағат екіге шейін дем аламыз да, сағат екіден ымырт жабылғанша шөп шабамыз. Кешкі сағат онға шейін әркімнің не істесе де өз еркі; кешкі сағат онда ұйықтауымыз керек.

— Сағат алтыда тұрамыз дегенің тым ерте болады, — деді Досан.

— Немене, сеніз сағат ұйқы аз көрініп отыр ма саған?

— Ая емес, жетеді. Бірік...

— Таңертеңгі және кешкі салқында жұмыс істеу өнімді болады,— деді Қожаш Досанға, — оның өссесіне түскі ыстық кезінде бір сағат ұйықтап алуыңа мүмкіндік бар.

— Таңертең он минут зарядка жасап тұру керек,— деді Сережа, — ұйқымыз ашылып, жұмысқа ынтамыз артады.

— Сен де айта береді екенсің — деді Досан оны жақтырмай. — Мұнда жұмыстың өзі зарядка емес пе?

— Дұрыс емес, достым. Таңертеңгі зарядканы ешбір жұмыспен айырбастауға болмайды. Кітаптың өзінде осылай деп жазылған.

— Таңертеңгі зарядка — өте пайдалы нәрсе, — деді Қожаш СЕРЕЖАНЫ қоштап.

— Былай болады, — деді СЕРЕЖА, — күніне бір адамды кезекші етіп тағайындаймыз. Күн режимінің бұлжымай сақталуын, қатаң тәртіп болуын сол қадағалайды.

— Жауынгерлік листок шығарып тұрмаймыз ба? Ішімізде екпінділер де, жалқаулар да болады ғой. Жалқауларды өзара сындың шымшуымен шымшын-шымшын қойсақ, — деп, Әнуар қолымен әуені бұрап-бұрап көзін қысып қойды.

— Өте жақсы болады, — деді Қожаш, — оның редакторлығына мен сені ұсынамын.

— Дұрыс! — деп, балалар Қожашты қоштады.

— Машиналар бірінің артынан бірі шұбап түспейтін болсын, — деді Қожаш, — жеке-жеке түсетін болсын. Сонда әркімнің күн сайын қанша гектар жер шапқанын дәл біліп отырамыз.

Балалар мұны да қоштады.

Болат өзге балалардан гөрі Қожашты өзіне жақынырақ санап жүрсе де, оның мына ұсынысын жақтырмай қалды. Көп машинаның арасында ештеп-септеп жүре беру оған тиімді еді. Міне, Қожаш әр машина бөлек-бөлек түссін дегенді шығарып отыр. Осылардың ішіндегі күндік нормасын орындай алмайтын ең жалқауы аташып кетіп жүрмесем неғылсын деп ойлады Болат.

Болаттың не ойлап отырғанын аңғарғандай:

— Болат бұрын колхоз шаруашылығында істеп көрмеген қала адамы, — деді Қожаш, — оған біздің жолдастық жәрдеміміз, үйретуіміз керек. Кім де болса жұмысқа үйренумен, жүре-бара бастығады. Сондықтан бірнеше күн Болатты мен өз жаным аламын.

Болат қуанғандықтан күліп жіберді.

— Сағат он болды, балалар, енді ұйықтау керек, — деді СЕРЕЖА майданнан алып келген әдемі қол сағатына қарап.

V-тарау

— Подь — й — о — о — м! — деп соза айғайлаған дауысқа Болат көзін ашып алса, СЕРЕЖА екен. Ол шатырдың қақ ортасында тұр. Әлі күн шықпаса да, шатыр іші жап-жарық. Қожаш пен Әнуар бастарын көтеріп алды да, киіне бастады. Өзге балалардың біреулері керіле түсіп, көзін уқалап, біреулері көрпенін шетін ғана көтеріп, өзгелер тұрып жатыр ма деп баспа ғып қарап, енді біреулері мүлде тырп етпей жатыр.

Болаттың жылжы төсекті қыйғысы келмеді. Әлі де жата түсер ме еді деп тілейді. Көрпенін Қожаш қайырып тастаған жақ шетінен қойнына енген салқын ауадан бойы тітіркенеді! Бірақ СЕРЕЖАНЫ:

— Подьем! Тұрыңдар! Бес минут уақыт өтіп кетті! Физзарядкаға шығыңдар, — деп, дамылсыз саңқылдаған ашы үні «тұр, тұр» деп жүлқылағаннан әрмен мазалай түсті. Балалар жапырлай киініп жатқан соң, Болат та амалсыздан тұрды.

Төр алдында жатқан Досан бүктісіп, көрпесін бүркейіп алыпты. Ештедені естігісі келмегендей, шийыршықтала түскен.

Балалардың бәрі тасқа шықты. Аспан ашық, әуе мөлдір тұнық. Шөпке шық қонып, дымқыл тартып, ауырлап қалыпты. Аспанның шығыс жақ шеті боп-боз болып, күн шығып келе жатқанын аңғартады.

— Жейделеріңді шешіп тастаңдар да, қатарға тұрыңдар! — деп дауыстады СЕРЕЖА.

Ол өзі бұлшық еттері түйін-түйін боп, труссиан ғана жүр.

— Шаншу тнеді, — деп, бірнеше бала жейделерін шешкілері келмеді еді.

— Қызыл шақа балапансыңдар ма сендер? Жастарың

он бес, он алтыға келгенше пештің төбесінен түскілерін келмейді ғой, — деп, СЕРЕЖА оларға қатты айтып тастады. — Шешіңдер көне!

Қеуде жағы тыр жалаңаш боп, барлық балалар қатарға тұрды.

— Досан қайда?

— Ол ұйықтап жатыр.

СЕРЕЖА дереу шатырға кіріп кетті де, Досанды бүктісіп жатқан күйінде көтеріп алып шығып, дымқыл шөптің үстіне домалатып жіберді. Көрпесін жұлып алып, былай тастады. Досан орнынан ұшып тұрып:

— Не керек саған? — деді ашудан жарыла жаздап СЕРЕЖАҒА, ұйқысы ашылмаған қабағы салбырап түйіле түсіп.

— Физзарядкаға тұр.

— Тұрмаймын!

— Неге тұрмайсың?

— Жұмысың не сенің! Тұрмаймын дедім, тұрмаймын!

Досан, көрпесін алып, шатырға қарай жүре беріп еді.

— Досан, тоқта! — деді Қожаш қатаң үнмен.

Досан артына бұрылып қарады.

— Көрпенді таста да, қатарға тұр!

— Адамша оятпай ма өзі, — деді Досан СЕРЕЖАҒА ала көзімен қарап.

Физзарядкадан кейін:

— Өзендегі суға кіндіктеріңе шейін жуыныңдар, — деді СЕРЕЖА, — кімде-кім мұны орындамаса, көтеріп алып судың ортасына тастаймыз.

— Дұрыс!

— Солай ету керек! — деп дуылдасты балалар.

Мұндай жағдайда қарсыласудан жақсылық жоғын Досан да сезді. Ол өзге балалардан оқшау төменірек барып, мойнын, белуарын өтірікті-шынды жуғансып жатты. Оның бұл қылығына балалар өзара күлісіп те алды.

Балалар ертеңгі тамақты ішіп болған кезде, тау басын күн енді ғана шала бастаған еді. Бәрі аттарына жайдақ мініп жұмысқа шықты. Ойнақтаған биік қызба жирен атпен ойкастатып Досан алда оқшау келеді. Екі өкшесін аттың бүйіріне қадап, оның ойнақтамасына қояр емес.

— Кәне жарысасыңдар ма? — деді ол балаларға.

— Менің құла тұлпарым сенің салпаң құлақ жиреніңе қарасын да көрсетпейді, — деді Құрманш оған астындағы атын мақтап.

— Жарысып көрейік, кімдікі озатынын.

— Кеттік.

Досан мен Құрманш тасырлатып шаба жөнелісті. Қожаштың:

— Ей! Ей қутырғандар! — деген сөзіне құлақ та аспады.

Бұлардың соңынан өзге балалар шаба жөнелісті. СЕРЕЖА, Қожаш, Болат үшеуі ғана іркіліп қалды. Бірақ олардың аттары да елегізіп, аналардан қалғысы келмегендей ауыздық сүзеді. Болаттың астындағы қызыл аттың да делебесі қозып, құлағын қайшылап, едірендей бастады. Ала кашар ма екен деп, оның зәре құты қалмай, тізгінді білегіне орап, шірей тартып келеді. Екі аяғымен аттың бүйірін қымқырып қысып алды. Егер ат ала қашқандай болса, тезірек секіріп түсіп қалайын деп ойлайды.

Омыр-топыр боп, тырағайлап шауып бара жатқандарға:

— Кап, — деп кіжінді Қожаш, — аттарды бостан босқа қыйнауларын қарашы мыналардың.

— Егер майданда мұндай бассыздық істесе, алар еді сыбағаларын, — деді СЕРЕЖА, — бұларды тәртіпке шақыру керек.

СЕРЕЖАЛАР келгенде, аналар машиналарын жегіп жатыр екен.

— Бәрің бері келіңдер, — деді СЕРЕЖА ат үстінде анадай жерде тұрып.

Балалардың әрқайсы өз істерімен болып, оны тыңдаңқырамап еді.

— Тастандар бәрін, бері келіндер! Тізіліндер бір қатарға! Досан үш адым алға шық. Кру-гом!

Досан балалардың алдында жалғыз өзі қалшылып тұр. Ол күлкісі кеп, бір көзін қысып қояды.

— Орынсыз шауып, жұмыс атын неге қыйнайсың?— деп сұрады Сережа Досаннан қабағын қарс түйіп.

— Аттарға да Физзарядка болсын дедім. Қарашы әне, енді олардың да жұмысқа деген ынтасы арта түсті...

Балалар ду күлді. Сережа бұл қылжаққа ыза боп кетті.

— Бұл қалжыңның орны емес! Қолхоз жұмыс көлігін сен тырағайлап жарыссын деп берген жоқ! Бұл қылығың үшін Досан саған балалардың алдында қатты дегіс жариялаймын! Егер бұдан былай қарай қайталайтын болсаң, өкпедеуші болма!

VI-тарау

Кешке таман Балабек әр машинашының бүгінгі шапқан жерін ат үстінен сажыммен өлшей бастады. Бір Болаттың машинасымен жанаса келіп:

— Ал, қалалық жігіт, хал қалай? — деп сұрады ол. Болат машинаны тоқтатты да:

Қосогонды сындырып, күндік нормасын жартылай да орындай алмағаны үшін ешкім Болатты келеке де, күлкі де еткен жоқ. Сонда да бәсе ол өз-өзінен қысылып, жолдастарымен ашық-жарық сөйлесе алмай, ішқұса болды. Мұның кеселінен Қожаш та күндік нормасын орындай алмағаны оған ауыр тиді. «Біреуге масыл болуым жарамас, ертеннен бастап өзім жеке түсейін» деген ойға кезді Болат.

Тәңіртөн балалар көрсеткіш тақтаның екінші жақ бетіне жапсырылып қойылған жауынгерлік листокты көрді.

Кеше кешкі тамақтан кейін Сережа шатырдың қасына талдан қалап, төбесін шөпмен жаптырып бір ып-ықшам балаған жасатқан. Мұны ол штабымыз деп атаған. Түнде жауынгерлік листоктің редколлегиясы: Әнуар, Қожаш және суретші Сережа сонда ұзақ уақыт оңаша отырып қалып еді, мына листокты сол кезде жазған болу керек.

Жұрттың назары әуелі листоктың ең соңғы бағанына түсті. Мұнда Досан жайлы достық әзіл жазылып, машинаның үстінде қалғып отырған етіліп, оның суреті салыныпты. Ащы сықақ тілмен ұйқышылығы, күш көлігін орынсыз қыйнайтындығы сыналды. Мақаланың соңына «жолдасын» деп жазылған.



— Хал неважный — деді. — Бір қосогонды сындырып қойдым.

— Жұмысқа бастыққанша ондай-ондайлар бола береді.

Ымырыт жабыла Сережаның белгілі бұйрығы бойынша, машиналарын доғарып, балалар шатырға қайтты.

Балалар жұмынуға кеткенде, Балабек есік алдына көрсеткіш тақтасын қағып, бүгінгі жұмыстың нәтижесін бормен жазып қойыпты. Ең озығы Сережа екен, ол күндік нормасын тоқсан бес процент орындапты. Ең артта Қожаш пен Болат. Ол екеуі бір машинаның бір күндік нормасын да орындай алмапты. Әрине, бұған тікелей айыпты Болат еді. Қосогонның сынуы, әртүрлі себеппен түстен кейін де жиі тоқтан қала беруі, машинаның тағы да бір жерін сындырып алмайын деген сақтықпен өзін шұба-лаңдырған жайттар болса, дереу Қожашты шақырып алып сұрай беруі оның да аз уақытын алған жоқ. Болаттың осындай санқыйлы кедергі келтіруі болмаса, Қожаш та жұрт қатарынан қалмаған болар еді.

Досан қып-қызыл боп кетті де, сыздан түйілген күйі Әнуарға жетіп барды:

— Аналарын не? Мені тәлкек еткілерін келе ме? Бір күн болмай жатып, неге жазасың?

— Маған несің әкіреңдейсің? Жұрттың берген мақаласын баспауға хақым жоқ.

— Кім берді бұл мақаланы?

— Бұл әскери құпия! Оны айтуға тағы хақым жоқ.

— Мақаланы кім бергенін мен білемін, — деді Досан. Сережаға ала көзімен қарап.

Осыдан соң ол шатырға кіріп кетті, Қожашпен сөйлескені тыстағы балаларға анық естіліп тұрды.

— Мен не темін ауылға, — деді Досан.

— Неге?

— Мен мұнда мазақ болуға келгенім жоқ.

— Кім сені мазақ еткен? Айтшы кәне? Қазір бәріміз жабылып өзін түйебас қылайық.

— Ана жауынгерлік листокты оқыған жоқсың ба сен?

— Ене, достым. Көкейінде не тұрғанын көре қойдым. Сынағанға күйіп-жанып барады екенсің ғой. Сыңға тыйым салуға бола ма? Қайта оған кең жол ашылып, бәріміз қоштап отыруымыз керек. Мына сөзіңді, менен өзге ешкім естімесін. Бетке басып сынау — ол мазақтау емес.

— Бір күн болмай жатып немесе менің...

— Дұрыс емес, дұрыс емес. Шын достар бірінің кемістігін бірі көзге түскен жерде, дер кезінде батыл сынап отыруы керек. Бұл үшін сен еріңді бауырыңа алып туламай-ақ қой.

— Суретімді неге келекелейді? Машинаның үстінде отырған адам басын аттың сауырына қойып та ұйықтай ма екен? Осы да ақылаға сыя ма? Егер солай ұйықтасам, ат теуіп жіберіп, мұршымды бұзбас па еді. Қашан мен осылай ұйықтаппын? Бұл жала ғой, мазақ деген осы емес пе? Ертең колхоз председателі, аудан басшылары келеді. Өзге колхозшылар көреді. Сөйтіп бүкіл жұртқа жайылады ғой. Егер олар шын дос болса...

— Жарайды, жарайды, сөзді көбейтпе. Олардың теріс қылықтары болса, сенің де сынап жазуға хақың бар, — деп Қожаш Досанды мұнан әрі тындамай тысқа шығып кетті.

Түске таман ауа райы бұзыла бастады. Түйдектелген қара бұлттар шығысқа қарай баяу сырғып өтіп жатты. Күн көзі бір жасырынып, бір көрініп қалады, кейде бұлттың селдіреген жұқа жерінен көрінгенде ол батысқа қарай арып бара жатқан секілденеді. Тамаққа шығатын мезгіл бағана болса да, әлі Серезадан бұйрық жоқ. Қарны ашқан балалар ұзын ақ сырық қашан қадалар екен, Серезаның сары кепкесі оның басына қашан қалқыар екен деп, жалтақ-жалтақ қарай береді. Бұлт біріне-бірі тұтасып, жөңкіле түсті. Салқын жел шықты, төңірек кеш батқандай күңгірттеніп кетті. Тау да сұстанып, түнере түскендей, өзеннің гүрілі де қатайғандай болды. Міне тырс-тырс тамып, күн жауа бастады. Аттарды шығаруға бұйрық та болды.

Балалар атқа қоянша, күн сатырлап жауып кетті. Әркім бет-бетімен шатырға қарай дүркіреп желе жөнелісіп еді. Досан мұны пайдаланып, атына қамшы басып, шырқап шаба жөнелді. Лезде-ақ өзгелерден оқшау шығып кетті. Артына қарамаған күйі құйылдатып барады.

Жайдақ атпен желу «Болатқа ерекше азап көрінді. Бұдан гөрі ол жаяу жүгірін кетуді он есе жеңіл санап еді. Солқ-солқ етіп, іші бауыры үзіліп бара жатқандай болды. Бүкіл салмағымен зірк-зірк етіп, аттың қыр арқасына түйгіштелуден кіндігі бұрап ауырып кетті. Жауын он қабат терісінен өтсе де, жай жүруге бел байлап, балалардың ең соңында қалды ол.

Таңертең Досанның физзарядкаға тағы да тұрғысы келмей, тәтті ұйқыны қыймай қыйналды. Оның үстіндегі көрпені Сереза өзі жұлып алды:

— Неге тұрмайсың ел қатарлы? Сенімен күн сайын жанжалдасып жату керек пе? — деді.

Досан салқын ауадан тітіркеніп, бүгіле түсті де, былшық басқан көзін сығырайтып қарады.

— Кәне, тұр жылдам!

Ол кейіген пішінмен басын көтерді. Бет-ауызы тоқсанға келген кемпірдің нан шайнасындай қатар-қатар боп, тыжырынып кетіпті. Бір көзі желімдеп тастағандай мүлде ашылмайды. Зорлап ашпақ болса, астыңғы кірпігі мен үстіңгі кірпігінің екі арасы киімнің күшпен сөккен тігісіне ұқсап біртіндеп сегінейді.

Досан физзарядкаға амал жоқтықтан, құлықсыз барып тұрды. Көзін уқалап жатып Серезаға жаратпаған пішінмен қарап қояды.

Ертеңгі асты ішін болып, енді ат үстарға келгенде:

— Қызба жиренінді маған бер, сен оның орнына менің «тракторымды» ал. Жұмысқа барғанда, жұмыстан қайтқанда бұдан былай қарай тек сол «тракторды» міндетін боларсың. Басқа атқа мінуге мен саған тыйым саламын, — деді Сереза Досанға.

— Неге?

— Менің айтқандарым түсінікті ме?

— Түсінікті.

— Олай болса бұйрық талқыға салынбайды, орындалады.

Сереза машинасына жегіп жүрген бір жалпақ қара ат бар еді, бүкіл колхоз өлгіні «трактор» деп атайды. Өйткені әлгі жануар шабап малдың нағыз бір шығана шыққаны. Жұмысқа салса да, салт мінсе де, өзінің дағдылы бір сараң жүрісінен тапбайды-ақ! Оның есесіне болдыру дегенді білмейді, тұла денесі сыздап тұрған мығым күш. Қарны тоқ болса, қыбырлай береді.

Серезаның «тракторды» ғана мүйіске бекітіп беріп отырған себебін Досан, әрине, бірден-ақ түсінді. Ол мінгірлеп:

— Мен кеше жауын болған сөз шаптым, енді бұдан былай қарай... — дей бастап еді.

— Жетеді енді! — деді Сереза оны тындамай! — Егер майданда болса, сенімен мұндай ымыраға да келіп жатпас едім.

Досан төмен қараған күйі шатырға кіріп кетті.

— Ұстамайсың ба аттарыңды?

— Ұстамаймын — деген өкпелі дауыс естілді іштен.

— Не дейсің? — деп Сереза шатырдың есігінен қарады.

Досан өз төсегіне шалқасынан түсіп, қолын төбесіне қойып жатыр екен.

— Өздерім ұстай беріндер...

— Сен ше?

— Менің атымды сен алғалы отырсың ғой.

— Атыңның орнына ат беремін.

— Мен де осы колхоздың баласымын. Ешкімнің қорлағанын көтермеймін...

— Кім сені қорлап отырған?

— Жақсы болса «тракторды» өзін неге мінбейсің?

— Мен жұмыс атымен шауып, қыйнамаймын! Сондықтан қайсысын мінсем де бәрібір. Ал, сен енді «тракторды» өзге ешбір аттың үстіне шықпайтын боларсың.

— Ендеше мен машина айдамаймын.

— Айдамасаң, жалтырат табаныңды. Бұл мысалдарды асырайтын орын емес. Қазір соғыс кезі, сенің қылтың-сылтың еркелігіңді көтере алмаймыз... — Сереза кілт бұрылып кетті. — Балалар, тезірек аттарыңды ұстаңдар. Біздің бір минутымыз текке өлгенше, неміс фашистерінің бір солдаты өлсін.

(Жалғасы бар)

Терек пен қаңбақ

Аунай көшкен бір қаңбақ
Аралап сай-саланы,
Жапырақ тартып жайқалған,
Теректі көзі шалады.

Тозса да қалың бутағы,
Дөңгелене жөңкіді.
Жеткен бойда аптырып,
Терекке қарап көкіді.

— Тосқауыл жоқ ешқандай,
Көзденен қарсы келетін,
Көзіммен көріп барлығың
Кеземін шарлап жер бетін.

Сорайған бойдан не пайда
Міз бақпай тұрсың орнында!
Емессің мендей ерікті —
Не рахмат бар мұнында?

Терек айтты қаңбаққа:
— Салтымнан еш жалықпап
Сұра барып, өсірген
Қадірімді халықтан!

Т. Тілегенов



Олардың самолети

Мұқан Бірахметов

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Сырым мен Сәуелбек үйірме сабағынан кейін үйлеріне қайтпай, физика пәнінің мұғалімі Оралды күтіп бөлмеде айналыштықтай берді. Мұғалім бұлардың вожатыйы Әшірмен үйірме жайында өз пікірін айтып, әңгімелесіп отырған. Бір кезде бұларды аңғарып:

— Я, балалар, жай ма? — деді.

— Жай, — деді де, сен айт дегендей Сырым кейінірек тұрған Сәуелбекке қарады.

— Біздің бір ойлап жүргеніміз бар еді, — деді Сәуелбек.

Мұғалім мен отряд вожатыйы «я, айт» деген ишарат білдірді.

— Біз үйірменің тек мүшесі болып жүре бермей, бір іс істесек деп едік.

— Не істегілерің келеді?

— Ұшатын ойыншық самолет жасағымыз келіп еді, — деп манадан бері ұялғандай тек тұрған Сырым сөзге араласты.

— Өте жақсы талап.

— Соны қалай бастар екенбіз, — деп Сырым желкесін қасыды.

Нақты іс туралы әңгіме енді басталды.

* * *

Кішкене, шатырлы ақ үй алдында жұқа тақтайларды қастарына үйіп қойып, екі бала бірдемені жонып отыр. Ала бұлт арасынан шыға келген ыстық күн бұлардың арқаларын қыздырып-ақ отырғаны кең маңдайларына түсіріп қойған кекілдерінің астынан шып-шып көрінген терден белгілі болып тұр. Екеуі де ештеңе-

ні елер емес, тұқыя түсіп, өткір кездіктерін ағашқа қадай түседі, анда-санда біріне бірі көз қырын салып қояды. Сәуелбек фюзеляжды (белдік) істеп бітіргенде, құйрықтың стабилизаторын Сырым жасап шықты. Бұлар қай бөлшектің неше сантиметр және ол қандай ағаштан жасалатынын алдарындағы жаюлы жатқан кітапқа қарай отырып істеді.

Самолет бөлшектерін осылайша жасап шыққан екеуі канатқа келгенде келісе алмай қалды.

— Канат мейлінше жұқа болу керек, — деді Сәуелбек жеке ғана канаттың суреті салынған қағазды алдына жайып салып.

— Самолет канаты жұқа болса, жүкті аз көтереді де, тез ұшады. Мысалы истребитель самолеттер солай жасалған ғой.

— Сонда сен ойыншыққа жүк тасытқың келе ме? Қайта тез ұшқаны жақсы емес пе?

— Ойыншықтың байыппен ұшқаны да жақсы.

— Жарайды, канатты қалың етіп-ақ жасайық, — деп Сәуелбек тез келісті. — Ал енді асты ойық, үсті дөңес болуына қарсы боласын.

— Канаттың астын да, үстін де дөңес етіп жасайтын түрі де бар.

Сәуелбек Сырымға өз ойын айтып, олай-бұлай дәлелдеп шыққысы-ақ келіп еді, болмады. Сырым өзінше дәлелдер келтірді.

— Өзің ойласайшы, құстың қанаты іш жағына қарай ойыс та, сыртына қарай дөңес

емес пе. Самолеттің өзі осы құсқа негізделіп шыққан дейтіні қайда?—деп ойын досына мысал келтіре түсіндіре бастады Сәуелбек.

— Ендігі істерді үйге барып істеген жөн,—деп Сәуелбек досын ертіп үйге келді. Бұлар есіктен кірді де, төр үйге өте алмай, Ұрқия шешей ұрсып жүре ме деп ойлап, инесін жоғалтқан кісідей ауыз үйде дөңгеленіп біріне-бірі қарап тұрып алды.

— Не ғып тұрсындар?

— Әже, төр үйге барып бір іс істеуге рұқсат етіңізші.

Әжей мән-жайға қанып, рұқсат етті.



Басқа бөлшектерінің бәрін дайындап қойған бұлар бірі желім жағып, екіншісі оны әдемілеп жапсырып, тез арада самолеттерін құрады да қойды.

— Әйда, стадионға кеттік!

Осы кеткеннен бұлар үйге кешке бір-ақ оралды. Қолдарының бәрі май аралас баттасқан топырақ; сірә көгалды бақ ішінің кешке қарайғы шыбыны беттерін шакқанда, майлы бармақтарымен бірер қағып қалғанға ұқсайды.

Х Х Х

Міне, бұл екеуі оқытушысы Оралдың алдында тұр.

— Не істедіндер, қалай болды? — деп мұғалім жазып отырған қағазын қоя салып, оқушыларына қарады. Бұл екеуі қалай істегендерінен бастап, қалай ұшырғандарына дейін тегіс баяндап шықты.

— Тіпті ештеңе ұғып болмайды,—деді ойланyp отырған оқытушысына Сәуелбек,—жынды көбелектей көтеріліп ұша беріп бұлған-бұл-

ған айналады да, аударылып барып жерге түседі.

— Күні бойғы көп сөзіннің бәрінен де осының ұғымды болды. Жана түсіндім,—деп Орал қарсы қайырып қойған шашын саусақтарының арасын ашып жіберіп бір сыйпап түзеді де, орнынан тұрып балалардың самолетін көре бастады. Айналдырып әр жерін көріп отырып ол: — Қанатын дұрыс жасағансындар. Тегінде бұл қанаттың тарихын да білетін боларсындар,—деді.— Мұндай асты ойыс қанатты Лириентал деген кісі де зерттеген. Бірақ ол бұл қанаттың қалай көтерілетінін білмеген. Мұны тауып математиканың жолымен дәлелдеген — орыс авиациясының атасы Жуковский. Міне біздер осындай данқты адамдарымызды мақтаныш етеміз.

— Бұл қанаттың қалай ашылғанын біз «Н. Е. Жуковский» деген кітапшадан оқып едік, бірақ Лириентал деген кісіні онда кездестірмедік,—деп Сәуелбек бұл іс жөнінде өздерінің көп ізденгендерін сездірді.

Орал өзіне сұрақпен келген оқушыларға сол саланың о жақ, бұ жағына байланыстыра әңгіме айтып, қойылған сұрақты оған толық түсіндіріп барып жіберетін. Бұл жолы да сол әдетін қолданып, самолеттің қалай ұша алмай қалғанын кеннен толғай сөйледі.

— Самолеттің ұшуында негізінде төрт күш бар ғой,—деді ол балаларға.

— Білеміз, я төрт күш бар,—деп Сәуелбектен бұрын Сырым іліп әкетті.— Бірінші — мотордың тарту күші, екінші — бұған қарама-қарсы маңдайдың кедергі күші, үшінші — қанат астындағы ауаның қанат үстіндегі ауадан қозғалысы аз және қысымы көп болып самолетті биікке көтеру күші, төртінші,— бұған қарама-қарсы самолеттің салмақ күші,—деп әр күшті айтқан сайын ол бір саусағын жұмып тұрып, төрт күшті де санап шықты: Сырым ойының аяқталуын күтіп тұрған Сәуелбек:

— Міне, осы төрт күш біріне бірі тең болғанда ғана самолет қалықтап ұша алатын болады,—деп, өзінің білетіндігін аңғарта қойды.

— Ал, сонда осы төрт күш сендерде тең бе? —деді мұғалім самолетті ұстаған бойы көтере түсіп.— Менімше, тең емес, қарандаршы өздерің.

Сырым мен Сәуелбек үңіліп қараған сыяқты болып-ақ тұр, бірақ ештеңе ұқпады.

— Өзімізше теңгерген сыяқты болып едік,—деп күбірледі Сәуелбек.

— Теңгере алмапсындар,—деді Орал.— Самолеттің жақсы ұшуы ең алдымен қанатқа байланысты. Ол үшін мұны жасарда өте ұқыптылық керек. Ал сендер қалай болса солай жасап, екі жағы тең болмай шыққан. Дұрыс ұшпау да міне осыдан туып отыр.



Осыдан кейін мұғалім қанатты қалай жасау керек екенін түсіндірді.

Жас өнерпаздардың өнерін көрсету мақсатымен мектепте көрмеге дайындық жүріп жатты.

Жексембі күні әрі жылы, әрі ашық болды. Сәуелбек әжесіне:

— Біздің үйірмедегі ісімізді көріңіз, — деп мектебіне алып келді де, басқа да балалардың ата-аналарына қосып жіберіп, өзі Сырыммен бірге самолет ұшыруға дайындалды. Келген колхозшыларды мектеп директоры мен мұғалімдер қарсы алып, үйірме мүшелерінің істеген істерін көрсеткелі мектеп ішіне ертіп кетті.

Ата-аналар зоология, ботаника үйірмелерінің істерін көрді. Жазғы саяқатта балалардың жыйнаған коллекциялары мүлде қызықтырған ол музей аралап жүргендей болып, көптен соң барып шықты. Қазір бәрі топталып аула ішіндегі әдейі алдын ала тазартылып қойған тақырда кішкене самолетке қызыға қарап тұр. Біреулері: «мынау ұшады дейді» десе, кейбіреулері «кәдуелгі шын самолеттей болып па» деп таңырқап қояды. Үшінші біреулері, білетін болулары керек, «ұшады» деген кісінің пікірін қоштап кся-

Халықтың бәрі жыйналып болған соң, Орал Әшірге: «балаларға айт, ұшырсын» дегендей белгі берді. Әшір ортаға шықты да:

— Енді сіздер біздің жас авиомоделшілеріміздің өнерін көріңіздер, — деді де, ойыншықты ұшыратын Сырым мен Сәуелбектің фамилияларын, қай класта оқыйтындарын айтты. Бұдан кейін Сәуелбек рельше тартылған екі қатар шарық жіпті Сырымға ұстата салып, самолеттің винтин екі-үш рет қолымен бұрап-бұрап жіберді. Самолет артқы трубасынан түтінді бұрқ еткізіп бір рет шығарды да, гүрілдеп, жүруге ыңғайланды. Қатты күшіне келген ойыншықты Сәуелбек тақырға жайлап жіберісімен самолет біраз «аэродром» үстін айналып жүрді де, қалықтап көтеріле бастады. Бірте-бірте шарықтап биікке шыққан бұл ойыншық Сырым қолындағы жіпті қатты кере төбеде шыр көбелек айналып жүріп алды.

Мектептен балаларының өнерін көріп үйлеріне қайтып келе жатқан үлкендер «ойыншықта ұшады екен» деп таңырқағандай болды.



Жаңа бесжылдық техникасы

„Беларусь“ тракторы

Соғыстан кейін салынған Минск трактор заводы жуырда жаңа бір трактор шығарды.

Трактор жасаушылар жаңа машинаны өз республикасының есімімен «Беларусь» деп атады.

«Беларусь» тракторы, негізінен алғанда, ауылшаруашылық егістерінде қатараралық өңдеу жұмыстарын жүргізуге арналған.


Бұл тракторды жер жыртуға, егісті тырмалауға ғана емес, сонымен бірге арам шөбі жұлынуға тиісті егістің қатараралық өңдеу жұмысына да пайдалануға болады.

Қосалқы аспаптары болғандықтан бұл трактор мақта егісі, күнбағыс, жүгері, қант қызылшасы, картоп егістерінде де қолданылады.

Ауылшаруашылық саймандары бұл трактордың соңына тіркелмейді, оның үстіне жалғастырылады. Сөйтіп қосымша жұмыс күшін — тіркеуші адамдарды қажет етпейді.

Жаңа трактор жүк тасуға ең бір қолайлы жүйрік машина.

Оны егін басуға, мал фермаларында жем дайындауға, су жеткізуге пайдалануға болады.



ҚАҺАРМАН ҚАЛА

(Ленинград қаласының салынғанына 250 жыл)



Кез келген адам ұлы бола бермейтіні сыяқты, кез келген қала да ұлы атана бермейді. Адам өзінің үлкен-үлкен еңбегімен ұлы адам атанса, қала да тарихтағы ерекше орнымен ұлы қала атанады.

Осындай ұлы қалалардың бірі — Октя-

брь революциясының бесігі Ленинград қаласы.

Қаланың есу тарихы қызық.

1703 жылы шведтерге қарсы соғыстан кейін орыс патшасы I-Петр Нева өзенінің құяр жерінде Санкт-Петербург қаласын салғыза бастайды яғни «Европа жаққа терезе орнатады».

Ойпаң, батпақты жерде балта шабылып, крепостнойлық шаруалар мен солдаттар діңгектер орнатып, жолдар салып, талай-талай жылғаның үстінен көпірлер салына бастайды.

1712 жылы орыс мемлекетінің астанасы Петербургке көшіріледі.

Жаңа астана Балтық теңізінің какпасындағы орыстың тұңғыш порты болды. Су жолы мен кара жолдар Петербург пен Москва арасын байланыстырды.

Жаңа қала тез өсті.

Салынғанына 60 жыл толғанда қала халқының саны 150 мыңға жетті. Шетелдермен сауда күшейген сайын, Петербург порты арқылы товарлар да көп өтетін болды. XIX ғасырда Петербургте ірі тоқыма және металл өндейтін өндірістер орнады. Кәсіп орындарының саны 1866 жылы 355 болса, 1914 жылы 800 ге жетті.

Өткен ғасырдың 50 жылдарында Петербург пен Москва арасында темір жол салынды.

Осында Петербург қаласында, дүние жүзіндегі ең озық орыс мәдениеті өсіп өркендеді. Россиядағы тұңғыш көпшілік кітапханасы осында ашылды. Бірінші жаратылыс-ғылыми музей осында орнады.

Ленинград—орыстың революциялық ақыл-ойының бесігі.


1825 жылғы Сенат алаңындағы декабристер көтерілісінен бастап, мұнда революциялық қозғалыс бәсеңсіп көрген емес.

Бұл қалада ұлы революционер Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов халық азаттығы үшін күресті. «Солтүстік орыс жұмысшы Одағының» басшыларының бірі С. Халтуриннің революциялық істері осында өріс алды. Марксизмнің Россиядағы тұңғыш насихатшысы Г. Плехановтың аты да осы қаламен тығыз байланысты.

Ленинград — Ұлы Октябрь Социалистік революциясының бесігі. 1893 жылы Владимир Ильич Ленин Петербург қаласына келіп, революцияшыл марксистердің жетекшісі болып, олардың күресін басқарды. Марксистік жұмысшы үйірмелерінің басын қосып, «Жұмысшы табын азат ету күресі Одағын» ұйымдастырды.

Петербургте болған 1905 жылғы революция кейінгі уақытта революциялық қозғалыстың дамуына зор әсер етті.

Иосиф Виссарионович Сталин жолдас Петербургте көптеген жылдар Ленинмен бірге революциялық қызмет жүргізді, ол бұл қалаға 1911 жылы келді. Патша жандармы И. В. Сталинді үш рет тұтқынға алып, жер аударды, бірақ Сталин жолдас үш ретте де царизмге қарсы күресті басқару үшін Петербургке қайтып келіп отырды. Ленин мен Сталин Ленинград пролетариатының революцияшыл кадрларын тәрбиелеп шығарды. Ленинград жұмысшылары канаушыларға қарсы күрес әдісін Ленин мен Сталиннен үйренді.



Жалпы партиялық «Искра», «Вперед», «Правда» газеттері алғаш рет Петербургте шықты. Нағыз революцияшыл партия — коммунист партиясы осы қалада ұйымдастырылды.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін ұлы көсемдеріміз, В. И. Ленин мен И. В. Сталин Петроградқа қайта оралды. 1917 жылы 25 октябрьде (жанаша 7 ноябрьде) Петроградтың жұмысшылары мен солдаттары большевиктердің басшылығымен құралды көтеріліске шығып, буржуазиялық уақытша үкіметті құлатты. Көтерілісті сүйікті көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталин тікелей басқарды.

Сөйтіп өкімет билігі жұмысшы шаруалар үкіметінің қолына көшті. Адамзат тарихындағы жаңа дәуір — социализм дәуірі осы қалада басталды.


Азамат соғысы жылдарындағы батырлығы мен жанқиярлығы үшін Петроград қаласы Қызыл ту орденімен наградталды. Бұл жауынгерлік жылдарда Ленинградты қорғау ісін В. И. Лениннің тапсыруымен И. В. Сталин тікелей басқарды.

1924 жылғы январьдағы қайғылы күндерде Петроград еңбекшілері совет үкіметінен туған қаласын ұлы Ленин есімімен атауды өтінеді. Содан бері бұл қала Ленинград қаласы атанды.

Елімізді социалистік жолмен қайта құру жылдарында ленинградтықтар жанқиярлық үлгілерін көрсетті.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында Ленинградты қорғаушылар 900 күнге созылған жау қоршауының ауыр жағдайында батырлықтың адамзат білмеген үлгілерін көрсетті. Революция бесігін қорғау ісіне бүкіл еліміз атсалысты.

Отан соғысындағы Ленинград еңбекшілерінің Отан алдындағы асқан еңбегі үшін Ленинград қаласы Ленин орденімен наградталды.



Ленинград

Ленинград сталиндік бесжылдықтар ішінде адам айтқысыз өзгерді, жанарды, өсті.

«Ленинградта тек Петербург жұмысшыларының даңқты революцияшыл дәстүрлері ғана сол қалпында қалды, өзгенің бәрі түгелдей жанарды» деді С. М. Киров.

Ленинград Ленин мен Сталиннің сенімді шәкірттері С. Киров пен А. Ждановтың басшылығы арқасында ең ірі индустриялық орталыққа айналды. Бір ғана 1938—1939 жылдар арасында Ленинград заводтары жаңа машиналардың, аспаптардың, бұйымдардың 700 түрін шығарды. Ленинград — ең ірі мәдениет орталығы. Мұндағы Мемлекеттік Эрмитажда өте сирек кездесетін бағалы заттар, көне замандардың, шығыстың, таптық қоғамға дейінгі уақыттың және Батыс Европа елдерінің шығармаларына дейін бар. М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы

Мемлекеттік көпшілік кітапханасында 1941 жылдың өзінде 8,6 миллион том кітап болды. Онда ондаған жоғарғы оқу орындарында әртүрлі ұлттың мыңдаған ұлқыздары оқиды.

Соғыстан кейінгі уақытта Ленинград өмірдің барлық саласында асқан қарқынмен өркендеп келеді.

Ә. Баяндин



Нева. Көктемгі іңір.



Поль Робсон

Варшава. 1950 жыл. Қала көшелеріндегі қыймыл мен қозғалыс әдеттегіге қарағанда көп қыза түскен. Ағылып жатқан автобус, троллейбус. Алыстан трамвайдың баяу салдыры естіледі. Жүргіншілердің бетінде бір ерекше қуаныш, шаттық белгісі ойнайды. Олар өздеріне таныс биік, ақ үйге біраз қарап тұрады да, жедел басып өте береді. Бұл биік, ақ үй — «поляк сөзінің үйі». Мұнда бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік екінші конгресінің кезекті мәжілісі өтіп жатқан. Сексен елдің өкілдері бас қосып, американағылшын соғысқұмарлары жаңталасып әзірлеп жатқан соғысты болдыртпаудың шараларын қарастырып жатты.

Бір уақытта мәжіліс председателі:

— Сөз Америка Құрама Штаттарының делегаты Поль Робсонға беріледі, — деді.

Белгілі әншінің есімін естігенде, делегаттар тына қалып, оның сөзін тыңдады. Бірақ, бұл жолы сөйлеген Робсонның өзі емес еді. Америка үкіметі оны бұл конгреске жібермей қойған. Робсон келсе, өздерінің соғысқұмарлық әрекеттерін батыл әшкерелейтінін жақсы сезіп, Американы соғысқұмарлары одаң қатты именген. Сол себепті олар Робсонның конгреске баруына рұқсат етпеген.

Америкадан келген басқа делегаттар Робсонның бұл конгресте сөйлемек болған сөзін пленкаға жазып әкелген. Пленка даусы делегаттардың көз алдына жаурыны қақпақтай, бұйра шашты, отты кара көз адамды елест-

тетті. Ол жігерлене, желпіне сөйлеп тұр. Оның сөзінен бейбітшіліктің жеңістігі білінеді. Сөзден соң Поль Робсонның пленкаға түсірілген екі әні орындалды.

Негр халқының әйгілі әншісі, бейбітшіліктің жалынды күрескері Поль Робсонды дүние жүзінің адал ниетті адамдары жақсы біледі. Ол өзінің тамаша таланты мен білімін, бүкіл өмірін бейбітшілік ісіне жұмсап келеді. Теңсіздік пен қанауды, жұмыссыздық пен правосыздықты ол жастайынан көрді. Ол туып-өскен қала — Нью — Джерсиде негрлердің ешқандай правосы болмайтын. Ақ нәсілді адамдар негрлерді қығт етсе, атып гастап жүре беретінін Робсон көріп өсті.

Білім алу оған өте қыйынға соқты. Мектепке де, университетке де ол зордың күшімен ғана кірді. Негр болғандықтан, оны басқаларға жуытпай, бөлек отырғызатын. Университетте оқып жүріп, ол күнкөріс қамымен жүк тасушы, жүк тиеуші, ресторанда табақшы болып істеді. Бар қыйындыққа төзіп, оны жеңе отырып Робсон университет бітірді. Асқан төзімділіктің арқасында ғана жоғары білімге қолы жетіп, ол юристің дипломын алды. Бірақ, арнаулы жоғары білімі бар Робсон Америкада ешбір қызмет таба алмады. Әсем даусы мен актерлік қабілеті ғана оны арашалап алып қалды.

1934 жылы Робсон Совет Одағына келіп, социализм елінің шат-шадыман тұрмысын көрді. Бұл оның халық үшін, демократия үшін күрескек болған ойын бекіте түсті. Содан бері ол өзінің әнімен де, білімімен де, ісімен де бостандық пен бейбітшілік ісі үшін ауытқымастан күрес жүргізіп келеді.

1936 жылы Робсон өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Испанияға барып, республика жауынгерлерінің алдында бірнеше концерт берді. Әндері мен сөздерінде Робсон испан халқын Гитлер мен Муссолинидің фашистік тәртібін жоюға шақырды. Өзінің елінде ол негр халқының теңдігі мен бостандығы үшін бас тіккен күрескерлерді ұйымдастырып, бұл күреске елдегі адал ниетті адамдардың бәрін топтастырды.

1949 жылы Робсон бейбітшілік жақтаушылардың Парижде болған конгресіне қатысып, соғысқұмарлардың жантүршігерлік әрекеттерін батыл әшкереледі. Сол жолында ол Совет Одағында болып, ұлы елдің бейбітшілік жолындағы қажырлы істерін көрді. Бірнеше театрларда болып, көптеген концерттер берді. Москвада бір сөйлеген сөзінде ол: «Совет Одағының досы болғаным, болып келемін және бола бермекпін!» деген еді.

Бейбітшіліктің табанды күрескерінен хауіптенген американ монополистері Поль Робсонды талай рет өлтірмек те болды. 1949 жылы августа Пиксвилде соғысқұмарлардың қолшоқпарлары Робсонды қайткенде өлтірмек болып, ойын көріп тұрған әйелдер мен балаларды таяққа жықты. Бірақ, халық Робсонды сақтап қалды. Бір жұмадан соң жыйырма мыңнан астам халық сол жерде өзінің сүйкімді Робсонның тамаша әндерін тыңдады. Екі мыңдай адам бірінің қолынан бірі мықтап ұстап, Робсонды өлтірмек болып жүргендерден қорған тұрды. Робсонды өлтіре алмаған соң Америка империалистері оның радиомен ән айтуына тыйым салды, оның әні жазылған пленкаларды саттырмай қойды, концерт қоятын үй бермеуге жарлық соғынан жарлық шығып жатты. Америка жерінен басқа жаққа шығуға рұқсат бермеді. Бірақ Робсонның үйін халық ести берді. Оның батыл, өктем үні Америка империалистерінің қудалауы мен қорлауын тыңдамастан, бейбітшілік үшін күресін жүргізе берді. Ол бейбітшілікті қорғаушылардың дүниежүзілік советінің мүшесі. Бейбітшілік жолындағы еңбегі үшін Поль Робсонға 1952 жылы халықаралық Сталиндік сыйлық берілді.

М. Сәрсекеев



Герда Бергер

Жол үстіндегі бағана

Әңгіме

Сарғая бастаған жөке ағашының арасында бірдеме сыбдырлап қозғалады. Гейнер өзгелерге «шуламандар!» деп ымдады. Сыбдыр тағы да естілді. Міне, олардың бесеуі де — Элли, Гейнер, Карл, Петер және Юрген — бір кішкентай қутындаған күшікті көрді. Күшік те оларға таңқалғандай қарап қалды. Оның қалың сабалақ жүндері ұзын кірпіктей, көзіне түсіп тұр. Салпаң құлағы сақ-ақ. Құлағының бірі түріліп, екіншісі салбырап қалыпты. Элли оның ұйпалақ жүнін сыйпап қойды.

— Мұны не істейміз?

— Мұны ма, келіндер, мұны алып кетіп, әртүрлі фокус жасауға үйретейік, — деді Карл, — ал, бұл біздің үйде тұрады, біздің ит тұратын үйшік бәрібір бос қой.

— Ал, ит біздің бәрімізге ортақ қой, біз оны бірігіп тамақтандыруға міндеттіміз, — деді балалардың біреуі.

— Біз мұны не деп атаймыз, — деп сұрады Петер. — Бұл сабалақ итке бір қызық ат тауып қою керек, — мұны Сабалақ деп атайық, — деді бірауыздан дауыстап Гейнер мен Карл.

Мұны бәрі де құптады. Сонымен бес дос иттің несі болды. Сабалақ Карлдың қорасындағы үйшікте тұрды.

Бір күні Карл мектептен қайтты. Күн ашық, бірақ салқын болатын. Күнмен шағылысқан қыраудан дала аппақ болып көрінеді, Карлдың есікті ашуы мұң-ақ екен, Сабалақ оған қарсы жүгірді.

— Ал, мені ұстап алшы, — деп айғайлады Карл.

Сабалақ баланы қорада ұзақ қуып әуре

болды. Ойнап болып Карл сабақ дайындауға кетті. Ол өте көңілді болатын. Әндете жүріп оқулықтарын столдың үстіне жайып салды.

Осы кезде кенет алыстан танктың дүбірі естілді. Танктер таяп қалғанға ұқсайды.

Карл енді терезеге қарай жүгірді. Сатыр-сұтыр естілді де, сыйықсыз америка машинасының кір басқан жасыл бүйірі жылт етіп көрініп қалды. Жолындағы ағаштарды, сарайлар мен дуалдарды қыйрата басып, танктер келе жатыр екен. Карл Сабалақтың үйшігінен қашып шығуға ұмтылғанын көрді. Бірақ амал не... кеш боп қалды. Танк үйшікті итпен бірге таптап өтті де, әрі қарай жылжый берді.

Карл айғайлайын деп еді, бірақ булығып үні шықпай қалды. Ол бүкіл қораны таптап, шынжыр табанының бедерін қалдырып бара жатқан танкке сұқтана қалта қарап, күшігінің үйшігінен быт-шыт боп қалған тақтайдың сынықтарын көзімен көрді.

Қарлдың достары бұзылған үйшіктің қасына жыйналған кезде де, әлгі танктың дүсірі сөнген жоқ еді.

— Сабалағымызды өлтіріп кетті ғой. Осы бір жексұрын танк осы жерден не іздеп жүр екен? — деді Элли көзі жасқа булығып.

— Олардың хақысы да жоқ қой! — деді Петер ашулана айғайлап.

Достар мақұлдап бас изесті.

Петер нығын көтерді.

— Ал, енді не істеу керек? Олар біздің егінімізді де құртып кетті. Біз енді астықсыз қалдық. Олардың бұлай істеуге де хақы жоқ еді!

— Осы американдықтарға бұл жерде не бар? — деді Юрген түнерікіреп.

Элли мұздаған қолын, жакетінің жеңіне сұқты да:

— Әкем бүгін маған ертең жаңа танктер келеді деді. Американдықтар тағы да маневр жасайды. Және әкем: «өздерінің қарғыс атқыр танктарымен бірге американдықтар үйлеріне тайып тұрсын. Біз соғысқа дайындалуды сүйеміз, біз бейбітшілікті сүйеміз» деп еді, — деді.

Карл ақырын ғана үн қатты.

— Шіркін, біздің көршіміз Циглердің сыйыры сыяқтандырып, американдықтардың барлық танкісін мыйға батырып жіберер ме еді. Өткен жазда ол сыйыр мыйға батып қалып еді ғой.

Бағанадан бері үнсіз тұрған Гейнер ақырын ғана:

— Менде бір ұсыныс бар, — деді.

Достар бастарын қосып, сыбырласа бастады. Содан кейін ешкімге айтпаймыз деп, қол алысып ант етті.

Ертеңіне таң біліне Элли мен Карл деревняның сырт жағындағы жол торабындағы бағананың қасында тұрды.

— Біз ойлағанымызды істей алар ма екен біз? — дейді Карл жылыну үшін күрегіне сүйене, олай-бұлай секіріп жүріп.

— Егер бұл жерге танк келмесе, барлығы да сәтті болғаны, балалардың оларды бөгегені, — деп жауап берді Элли, — өзің ойлап көрші, Петер, Гейнер, Юрген оларға жай жолдан кездесіп қалған болады. Танктер гүрілдеп, таяна түседі. Бірінші танктегі кісі тоқтап «Әй, балалар» дейді, сосын американдықтар балалардан қай жолмен жүру керек екендігін сұрайды!

Карл қуанып:

— Я, Элли, Юрген оларды батпақ жаққа жіберді, сосын олардың маневрі бұзылады, — деп асыр салады.

Қыз бір тізелеп отыра қалды да, бір дыбысқа құлағын тосты. Карл қадала алыс бір жаққа көз тікті.

Даланы бозғылт тұман басты. Алда не барын көріп болмайды. Өстіп тұрғанда кенет Элли ыршып түсті. Оның өңі боп-боз боп кетті.

— Келе жатыр!

Карлге де суық ауаны жарып, бір жексұрын гүріл естілгендей болды. Танктер! Дауысының бәсең естілуіне қарағанда, олар әлі алыста.

— Балаларға оларды бөгедің реті келмеген екен, ендігі қыймылдау кезегі біздікі, — деді Элли.

Карл қолына бір түкіріп алды да, бағананың түбін қазуға кірісті.

— Тез, — деп асықтырды Элли.

Жаз болса мына бір қураған бағананы кішкентай баланың өзі-ақ оп-оңай жұлып алар еді,

қазір тонды жер оны бекітіп тастаған. Бала бірте-бірте бағананың түбін қазып барады, Элли да тізерлеп отырып, Карлдың пышағымен жерді шұқырлап ойып жатыр. Қыздың саусақтары қаны шығып үлбіреп қалды, жүрегі тарс-тарс өрепкіді. Ақыры бағана да босай бастады.

Карл бір минуттай тыныс алды. Маңдайынан тер бұршақтайды. Қыз Карлды иығынан тартып:

— Естимісің, олар таяп қалды, біз үлгере алмаймыз, — дейді де, — олар біздің үстімізден түспесе екен, — деп үрейленеді.

Тарсылдың ішінен танктың гүрілі естіле бастады. Карл Эллиге қарап қолын сілтеді.

— Ал тарт, кешіктірме.

Элли бар күшімен бағананы теңселте бастады. Карл екінші жағынан алды. Тағы бір рет! Тағы да! Бағана босап қалды, енді оның бетін бұруга болатын болды. Бағананың басындағы сары бояумен боялған көрсеткіші батпаққа алып баратын ауыл арасындағы ескі соқпаққа қарады.

Мұнартқан тұманды бөрліктіре жарып, қара пәле келе жатыр. Балалар да бағананың түбін асыға таптайды.

— Қашайық тезірек үйге қарай, — деп сыбырлайды Элли.

Бірақ Карл оның қолынан мықтап ұстап, жібермейді.

— Үлгере алмаймыз, бұтаның түбіне тығыла тұрайық, — дейді де, ол күрегін алып, Эллимен



бірге аршанын түбіне тығылады. Элли дем алмауға тырысады.

— Бағананың түбі қазылғанын аналар байқап қала ма деп қорқып тұрмын,— деп сыбырайды қыз.

— Ең дұрысы — олар өтіп кеткен соң бағананы тағы да бұрып, көрсеткішін қайта түзеп қоюды ұмытпау керек.

Қарлдың сөзін жақындап келе жатқан тарсыл-гүрсіл естірпейді.

Балалар қолдарын қатты ұстап алған.

Міне, алдыңғы танктер баяулай бастады.


Машиналар бағанаға қарай тура келе жатыр. Ал, Элли мен Қарл өздерінің бекінісінде бұларды байқап отыр. Бұдан кейін танктер зорға бұрылып, бағананы орағыта көрсеткіш нұсқаған жаққа қарай тартты.

Олардың біреуі шіріген бағананы басып, кешегі итті таптағандай, жайымен кете берді.

Элли мен Қарл біріне бірі қарады. Олардың көзінен қуаныштың ұшқыны білінеді. Танктер

катқан жермен ілгері кетіп барады. Бірақ олар батпақтан құтыла алмайды. Ал, мый батпақ жаздағы Циглердің сыйырына ұқсатып, оларды тартып әкетеді.

Орысшадан аударған *С. Халықов*



Төрт өлең

Ойшыл бала

Екі бала қырға шықты
Серуен құрып кешке жақын.
Айналаға көзін тікті,
Жыр іздеген бейне акын.
— Айтшы, досым, осы маңда
Ағаш бар ма жалғыз түбір?
— Жок-ау деймін бұл арада,—
Деп жолдасы етті күбір.
Ойшыл бала жымыйды да,
Кітабына көзін салды.
Сол кітаптың әрбір беті,
Елестетті ну орманды.

Еламан

Қарағым Еламан,
Не жақсы? Не жаман?
Ойға сап карашы,
Айтайын мен саған.
Тындырды Сайранжан,

Сабағын үйге алған,
Әрине, бұл жақсы,
Түсінер ой салған.
Босамай асықтан,
Сен жүрсін, Еламан,
Есебің шыққан жоқ,
Әрине, бұл жаман.
Үй-іші сыпырған
Сен емес,— Сайранжан,
Әрине, бұл жақсы,
Жоқ енді үйде шаң.

Сен келдің даладан,
Аяғың шаң-тозаң,
Сұртуді білмейсің,
Әрине, бұл жаман.

Кезекші

Кезекшіміз Жақсыбек,
Бейне өзі сақшы деп,
Классе таза, бор дайын
Мақтанамыз жақсы деп.

Модель

Бойлай шықты көшені,
«Самолет» — деп айтқан сөз.
Тар көшеге самолет
Бола қалды қайдан кез.

Қарап едім бұрылып,
Көбелекті бір бала
Ұстап алып тұр екен,
Сонысына қуана.

— Көбелекті, шырағым,
Бұл самолет деу жөн бе.
Модель жасап одан да,
Әуестенші өнерге.


Зытып бала жөнелді,
Ұялды ма немене?
Алып келді самолет,
Бір жыйынға келгенде!

Қабыл Борамбаев

Көзге көрінбейтін жаулар мен достар

Әдетте біздер табиғат жөніндегі түсінігімізді аспапсыз көзге анық көрінетін заттар немесе жәндіктермен ғана қанағаттандырып қоямыз. Табиғаттағы есебіне жетіп болғысыз, аспапсыз көзге көрінбейтін жәндіктер, көбінесе, еленбей қалады. Шындығында, өмірдің «кілті» сол жәндіктерде деп айтуға да болады. Өйткені олар табиғатта үнемі болып жатқан өзгерістердің, құбылыстардың барлығына да белсенді түрде қатынасып, тіршіліктің дамуында аса үлкен орын алады. Аспапсыз көзге көрінбейтін бұл жәндіктерді микробтар немесе микроорганизмдер деп атайды (гректің «микрос» яғни «кішкене» деген сөзінен шыққан).

Микробтардың табиғатта кездеспейтін жері өте аз болады.



Ашытқы микробы

Микробтардың түрлері де көп, олар әртүрлі жағдайда тіршілік етуге бейімделген. Микробтар кез келген жерді мекен етеді, олардың саны қысқасыз көп, олар табиғаттың дамуында елеулі орын алады.

Микробтардың көлемі тіпті кішкентай болғандықтан миллиметрдің мыңдаған үлестерімен ғана өлшеуге болады. Біздің көзіміз оларды микроскоп арқылы өте үлкейткенде ғана анық көре алады. Егер мың микробты сызық бойлата моншақша тізсек, ол бір миллиметрге ғана созылар еді. Көп тұрған шалшықтан алынған лай судың бір шөлмегінде микробтардың саны бүкіл жер бетіндегі жануарлар мен құстардан анағұрлым көп.

Микробтар тіршіліктің дамуын-

да аса үлкен орын алады. Олардың бір түрлері баға жетпес үлкен пайда берсе, екінші түрлері есепсіз зыян келтіреді.

Адам ерте замандарда микробтардың өмірде барлығын сезбесе де, олардың әрекетін санасыз түрде өзінің тұрмысында пайдаланған. Сол замандардың өзінде-ақ сүт тағамдардың, шараптың қвастың және сол сыяқты басқа да тамақтардың жасау әдістерін білген. Адам олардың пайдалы әрекеттерін өз өміріне жаратып қана қоймай, зиянды микробтармен де күресу шараларын қолданған. Мысалы, жұқпалы аурулармен ауырған адамдарды немесе жануарларды бөлек ұстау, микробтардың бұзу әсерінен сақтау үшін азық-түліктерді тұздау, қайнату, салқын жерде сақтау, кептіру және тағы басқа сол сыяқты шараларны қолданған. Бірақ олар микробтардың табиғатын білмегендіктен, микробтар арқылы болатын құбылыстарды толық меңгере ала алмаған. Соның салдарынан адамдардың талай апатқа, күйзеліске ұшыраған кездері тарихта аз емес.

Сол замандардағы халықтың қаншалық надан, ырымшыл екендігін, кез келген табиғаттың құбылысын құдайдың ісі деп ұққандығын мынадай мысалдан көруге болады.


«Керемет шыбық» деп аталатын бір ұсақ бактериялар нан, қамыр, капуста тағы басқа сол сыяқты тамақтардың бетінде жиі кездеседі. Олардың жақсы өсіп үймелеген жерлері қанға ұқсас қызыл теңбіл болып тұрады. Ол заманда сондай қанды теңбілдің пайда болуын жауыздық қылмыс, дінсіздік, құдайдың қарғысы деп ойлаған. Үйіндегі тамағына сондай теңбіл түссе, адамды құдай қарғаған деп, жас-кәрісіне қарамастан үй ішін түгелімен отқа өртеп жіберетін болған. Адам баласының тарихында надандықтың осы сыяқты апаттарға ұшыратуы көп болған.

Микробтарды анық ғылыми зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ғана басталады. Бұл жөнінде біздің отандастарымыз Мечников И. И., Виноградский С. Н., Ивановский Д. И., Гамалея Н. Ф., француз ғалымы Пастер Л. тағы басқалары аса бағалы еңбек сіңірді.

Жалпы алғанда, микробтардың өмірде маңызы өте зор. Өсімдіктер өзіне керекті қоректі заттар-

ды тек микробтар арқылы ғана ала алады. Жылма-жылғы жерге түсіп отыратын өсімдіктердің, жәндіктердің қалдықтары күрделі органикалық заттардан тұрады. Сол заттарды тек микробтар ғана бұзып, ыдыратып өсімдіктердің пайдасына жарайтындай түрге келтіреді.

Совет академигі В. Р. Вильямс микробтарды егіншіліктің «Тірі машинасы» деп атады. Шынында



Түйіршік бактериялары

топырақ микробтар арқылы құнарланады. Олардың әрекетінің нәтижесінде қалдық шөп, топан, көп, шым тезектер қара шірікке айналады. Бұл шірік топырақтың бөлшектерін жабыстырып түйірге айналдырады. Топырақтың мұндай құрылысы өсімдікке өте жағдайлы болады.

Топырақты құнарландыру үшін осы кезде егіншілікте шөптанапты егіс жүйесі кең түрде қолданылады. Мұнда бұршақты өсімдіктер негізгі қызмет атқарады. Олардың тамырларында түйіршіктер пайда болады, солардың ішінде ерекше түйіршік бактериялары деп аталатын микробтар бар. Сол микробтар ауадағы азотты денесіне тартып, өсімдіктердің сіңіруіне жарайтын азоттық қосындылар құрайды. Ал, өсімдіктердің өсуіне бұл қосындылар өте қажет, бірақ өсімдіктер өздігінен оны ауадан ала алмайды.


Қазақстанда мал өсіру шаруашылығы өте үлкен орын алады. Осыған байланысты сүрлеген шөп дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Шөп микробтар арқылы сүрленеді.

Пайдалы микробтардан басқа, зиянды ауру тарататын микроб-

тар да бар. Шешек, чума, оба, сүзек сыяқты аурулардың аз уақыттың ішінде мыңдаған адамдарды қырып кеткен кезі де болды. XVI ғасырдың орта шенінде чума ауруы үш жыл бойы барлық Европаны қамтып, 25 миллион адамның қырылуына себеп болды. Мысалы, Индияда 1925 жылы чумадан 147404, обадан 127210, шешектен 21279 адам өлді. Капиталистік елдерде сол сыяқты апатқа ұшыраушылық жиі болып тұрады. Мұның бәрі зиянды микробтардың қырсығынан болады.

Жалпы ауру туғызатын микробтар тек денеде ғана өсіп-өне алады, денеден тыс жерде не қырылады немесе әрекетсіз күйде болады. Денеге түсісімен микробтар өзіне бәріне қолайлы жағдайлар табады да, өзінен улы заттар шығарып, олардың жәрдемімен дененің заттарын ерітеді немесе микробтарға қарсы күресе алмайтындай етіп денені әлсіретеді. Сөйтіп организм жеңіліп, ақырында өледі.



Сүт қышқылы бактериялары

Партия мен совет мемлекеті халықтың денсаулығын сақтау жөнінде ерекше қамқорлық жасап, микробиология ғылымын үнемі өркендетуде. Советтік микробиология пайдалы микробтарды зерттеп оларды кең түрде шаруашылыққа қолданумен қатар, ауру туғызатын микробтарды да зерттеп, олармен күресу жолдарын іздеуде.

Буржуазиялық елдерде, әсіресе Америкада, микробиология жауыздық мүдделерге бағындырылған. Ал біздің елде микробиология халықтың денсаулығын сақтау ісіне, халық шаруашылығының өнімін жоғарлату ісіне, еңбекшілердің тұрмыс жағдайларын көтеру ісіне қызмет етеді.

Г. Сейкетов,

биология ғылымдарының кандидаты

Пысықбай

Б. Түбековтің (Аягөз қаласы) сюжеті бойынша
Суреттерін салған
В. Нестеров



Есепші „оңай“ көрді
Алақанға сенді ол.
Аңдаусыз бепі
оң бойлады,
Пысықбай сөйтіп
ұялды.

Джанни Родари
Италия ақыны

Модена баласы

— Модена ұлы, көңілді едің кеше сен,
Бүгін неге көрінбейсің көшеден?
— Кешегі күн — бүгін емес көргенім
Әкемізді оққа байлап бергенің.
Кеше болған,
Менің үшін кетті өтіп,
Кетті маған көп нәрсені үйретіп.
Фабрикада көрдім тұрған отрядты
Жұртты таптап,
Аямастан жау атты.
Сен білесің цехта кімдер оққа ұшты,
Станокта жалауы түр үш түсті.

Өрт сөндіргіш

Өрт сөндіргіш атандым
От билігі қолымда.
Ащы түтін, ашулы от
Тұра алмайды жолымда.
Өрт өршісін дүрілдеп,
Өшіремін бір үрлеп.
Өрт сөндіргіш күштіміз,
От біздерге табынды.
Бірақ әлі сөнген жоқ
Соғыстың от жалыны.
Қаптаса өрт ал енді
Орап кетер әлемді.

Жалынынан соғыстың
Сақтау үшін елдерді,
Болсын өртті сөндіргіш
Азаттықтың ерлері.
Болсын өртті сөндіргіш
Соғысқа қарсы бар адам.
Болады өрт сөндіргіш
Айқаста отпен бар ғалам.

Аударған **С. Мәуленов**

Волго-дон туралы кітап

1952 жылдың жазында дүние жүзі картасына үлкен түзету енгізілді — жаңадан салынған Цимлян теңізі мен Ленин атындағы Волго-Дон кеме қатнасы каналы картаға түсірілді.

Бұл адамзат тарихында болып көрмеген ұлы құрылыстың салынып біткен кезі болатын.

Орыстың екі ұлы өзені Волга мен Донның аралығын қосып, қуаң далаларды байлықтың көзіне айналдыруды орыс халқы ежелден арман еткен еді.

Бұл арман данышпан Сталин сызған даналық жоспар бойынша, совет адамдарының ерлік күшімен жүзеге асты.

Совет әдебиеті — халқымыздың батырлық тарихын көркем тілмен жырлаушы әдебиет. Ленин атындағы Волго-Дон кеме қатнасы каналы құрылысына да совет жазушылары белсене қатысты. Олардың бірсыпырасы коммунизмнің ұлы құрылыстарының тұңғышының басы-қасында болып, құрылысшылардың ерлік істерін көзімен көрді. Олар туралы шығармалар жазды. Бұл іске қазақ ақындары да ат салысты.

Жуырда Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Волго-Дон каналы құрылысына арналған «Еділ-Дон» деген жыйнақ шығарды.

Жыйнаққа атақты совет жазушылары М. Шолоховтың, М. Исаковскийдің, Б. Полевойның, Е. Долматовскийдің, В. Лацисінің, М. Лукониннің және тағы басқа-

лардың өлең-әңгімелері мен мақалалары кірген.

Сендер бұл жыйнақтан Қазақстан жазушыларының шығармаларын да оқый аласыңдар.

Жыйнаққа кірген шығармалардан сендер мектеп сахнасында лайықты әңгімелер мен өлеңдер алуларыңа болады.

Бұл кітап — совет халқының ерлік еңбегінің куәсі.



Ақындардың өлеңдерінде халқымыздың жеңіс қуанышы, құрылысшылардың кеңіл күйі жақсы жырланады.

Жауаптар

«Пионер» журналының 1953 жылғы 1-номерінде басылған ребустың шешуі: «Құс — орман қамқоршысы».

2-номердегі кроссвордтың шешуі:

Тігінен оқығанда:

1. Окоп. 2. Осака. 4. Балта.
6. Қола. 7. Атаң. 10. Рудье.
11. Париж. 13. Висла. 14. Ара.
15. Ана. 19. Псков. 20. Рига.
21. Арап. 22. Лидин. 24. Азия.

Көлденеңінен оқығанда

3. Ока. 5. Астық. 7. Алтай.
8. Ойпат. 9. Арпа. 12. Нева.

16. Орал. 17. Ыбрай. 18. Сена.
19. Петр. 21. Арал. 23. Гаага.
25. Қожва. 26. Пекин. 27. Рим.

2-номердегі шараданың шешуі: «Жылқышы».

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер. Ж. Сматылдаев, (Жамбыл облысы) Ә. Әбдібаев, М. Қалдыбеков, Т. Шаяхметова, (Іле ауданы).

Б. Қозыбаев (Солтүстік Қазақстан облысы), П. Жанкелдин (Семей облысы), М. Есіркепов (Оңтүстік Қазақстан), С. Әбдіхалықов, Б. Құрманғалиев (Жамбыл облысы), Г. Галеева (Омбы облысы).

МАЗМҰНЫ

Дм. Снегин — Өмірінің көктемі	1
Ж. Молдағалиев — Танысып қой, жолдас май (Өлең)	3
Қазақстан комсомолының VI съезі	4
А. Ыбраева — Жауынгерлік жылдарда	6
Б. Соқпақбаев — «Алыстағы ауылда» (повестің жалғасы)	8
Т. Тілегенов — Терек пен қанбақ (өлең)	12
М. Бірахметов — Олардың самолеті (әңгіме)	13
«Беларусь» тракторы	15
Ә. Баяндын — Қанарман қала	16
М. Сәрсекеев — Польш Робсон	18
Г. Бергер — Жол үстіндегі бағана (әңгіме)	19
Қ. Борамбаев — Төрт өлең	21
Г. Сейкетов — Көзге көрінбейтін жаулар мен достар	22
В. Нестеров — Пысықбай (сурет)	23
Дж. Родари. Модена баласы, Өрт сөндіргіш (өлеңдер)	23
Волго-Дон туралы кітап	24
Жауаптар	24

Редколлегия мүшелері:
Айдарбеков Ә., Баранов К.,
Дарқанбаев Т., Ыбраева А.,
Қыйрабаев С. (редактор),
Нұртазин М., Нұрқатов А.,
Нүсіпов А.

Технический редактор: И. Соскин

г. Алма-Ата, проспект Сталина,
дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 20/IV—1953 г.
УГ04210. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум.
2,16 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.
г. Алма-Ата. Заказ № 440.



Тағы да екілік

Суретті салған **Ф. Решетников**

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

1 ПИОНЕР К
ПР. ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБЛИЧ. БИБ. КЕ
2 1.12 3

ЖОРЫҚҚА ШЫҒАРДА НЕ АЛУ КЕРЕК



А. М. А.